




Баспанаға қол жеткізген бағдарламалар

3



Тиімді әрі үнемді

6



Бақылау пәрмені сапаны төмендетпейді

7



Көліктегі кітапхана

12



Сыр бойы



№147
(19825)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

1 қазан /СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

■ **ПРЕЗИДЕНТ**

Алдағы міндеттер пысықталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Аскар Мамин мен Парламент Сенатының Төрағасы Дариға Назарбаеваны қабылдады.

Премьер-Министр Аскар Мамин Президентке әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті мәселелері, шетелдік инвестицияларды тарту барысы, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын іске асыру, өңірлерді дамыту жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

Сондай-ақ Аскар Ма-



мин Президентке 2019 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жобасы жайында да ақпарат берді. Мемлекет басшысы Премьер-Министрге қазан айының ортасында өтетін экономикалық даму мәселелеріне арналған Үкіметтің кеңейтілген отырысына дайындық жұмыстарын бастауды тапсырды.

Сенат Төрағасы Президентке Парламенттің жоғары палатасы жұмысының жай-жапсары мен заң шығару қызметінің жоспары туралы айтты. Президент Жолдаудың негізгі бағыттарын сапалы заңнамамен қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

■ **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР**

Аға буын арасындағы айтулы бәсеке

Сенбі күні «Мұз айдыны» спорт кешенінде волейболдан ардагерлер арасындағы халықаралық турнирдің жалауы желбірді. «Қорқыт баба» кубогына арналған турнирде Ресей, Өзбекстан мемлекеттері мен Алматы, Шымкент, Байқоңыр қаласынан және Түркістан, Жамбыл облысы мен Сыр елінен келген 100-ге жуық ардагер бақ сынады. Дүбірлі доданың күрметті қонағы ретінде ҚР Генерал лейтенанты Аманкелді Шардарбаев пен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есполовтар келді. Ашылу салтанатына облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

— Өңір үшін де, ел үшін де ең маңыздысы — өткен жылы Маврикий Республикасында өткен ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында Қорқыт ата рухани мұраларының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енуі. Бұл жұмыстың жүзеге асуында облысты алты жылдан аса абыроймен басқарған мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаевтың үлесі зор екенін айту керек. Міне, бүгін Сыр өңірінде түрлі салада қызмет еткен ардагерлер арасында алғаш рет жарыс өтуде және ол осы айтулы шараның құрметіне арналып отыр. Бұл сайыс аға буынның жастарға көрсеткен үлгісі әрі бұқаралық спортты дамытуға бағытталған ерекше қалам деп білеміз, — деді аймақ басшысы.

Ұжымдық күшті, ептілікті әрі шашандықты талап ететін жарыста командалар аянып қалмады. Төрешілерге шын мықтыны анықтау қиынға соққаны рас. Себебі, әрбір қатысушының жеңіске де-

ген құштарлығы ерекше байқалды. Нәтижесінде Алматы қаласының «КАЗНАУ» командасы жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Шымкент қаласы қанжығаға байласа, үшінші орынды жерлестеріміз, облыс командалары иеленді. Төртінші орын Байқоңыр қаласының командасына бұйырды. Жұлдігерлерге диплом, медаль, кубок пен естелік сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, өңірде Қорқыт атаны әлемдік деңгейде таныту ісі жүйелі жолға қойылған. 2006 жылдан бері «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымымен бірлесіп, түркітілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі өтеді. Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата кесенесі де Елбасы тапсырмасымен қайта жаңғыртылып, «Қорқыт ата зиярат ету орталығы» қоса салынды. Кешен «ӘКС-ПО-2017» бүкіләлемдік көрмесі нысандарының бірі ретінде танылып, оны сан мың турист тамашалады.



■ **ҚАБЫЛДАУ**

Әрбір ұсыныс бақылауда



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

Кеше облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақов бірқатар азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Алдын ала өтініш беріп, қабылдауға жазылған азаматтың бірі — қазалылық Дінахмет Аман. Теміржол саласының ардагері «Скуре» байланыс жүйесі арқылы аймақ басшысынан жанадан салынып жатқан тұрғын үй құрылысының инфрақұрылымдарын жеткізуге қаржы бөлуі сұралды.

Облыс әкімі аталған мәселе бойынша Республикадан қаржы қарағандығын, алдағы уақытта облыстық сессияда бұл мәселені халық қалаушыларымен талқылап, 90 процент құрылыс бітіп тұрған тұрғын үйдің инфрақұрылымын 100 процентке жеткізу тиянақталатынын айтты.

Сонымен қатар, өткен жылы облыста жанадан бой көтерген «Бөйтерек» ықшам ауданында тұрғын үйлер халық игілігіне берілген болатын. Мұнда халыққа қызмет көрсету орталықтары да ашылып, жұмысын бастады. Ықшам аудан тұрғындарының тағы бір өтініші «әлеуметтік дүкен болса» деген тілегін жеткізді. Аймақ басшысы аталған әлеуметтік дүкен, ба-

лалар ойын алаңдарын салу сияқты жұмыстар алдағы уақытта кезек-кезеңімен шешілетінін жеткізді.

Теренөзек кентінен келген Ұлмекен Жаналиева «Сыр-Дария ауданының әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы болып қызмет атқарады. Ол өз кезегінде «Азаматтық Альянс» қоғамдық бірлестігінің қызметіне қайта жандандыру және осы құрылым арқылы аудандық ауылдық жерлердегі үкіметтік емес ұйымдардың басын қосып, тәжірибе алмасса» деген тілегін жеткізді. Сонымен бірге, облыстық деңгейде «Аналар кеңесін» өткізу жайлы ұсынысын да айтып өтті.

«Азаматтық Альянс» бірлестігі мен үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы бізге өте қажет. Өйткені, осы арқылы, біздің жұмыстар сараланып, сонымен бірге, халықтың жағдайын да қамти аламыз. Қай жерде қандай жұмыстар атқарылып, қайда көмек беру жағын да біліп, олардың тиісті ой-пікірлерін анықтау мақсатында аталған бірлестік пен ұйымдардың көмегіне

жүгінеміз. Алдағы уақытта сіз айтқан мәселелер бойынша тиісті қолдау көрсетеміз. «Аналар кеңесін» облыстық деңгейде өткізуге қаржылай көмек те болады. Бірақ, жұмыс қаржы игеру үшін жасалмай, әр жасаған дүниеміздің елге пайдалы жағын қарастыруымыз керек, — деді аймақ басшысы.

Бұдан басқа тұрғындар өтініші барлық тиісті орындар тарапына ұсынылды. Мысалы, Айнур Дөрменова аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған оқу кабинеттерін ашу туралы, «Ұмай» емдеу-тәрбиелеу қайырымдылық балалар үйінің директоры Анар Ізден әлеуметтік қызметкерлер көрсететін қызмет сапасын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама қажеттігі жайлы айтты. Сонымен бірге, тұрғындар тарапынан ҚР Халық артисі Серік Шотықов пен құрылыс саласының майталманы, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Ф.Х.Фаткулдиновке қала орталығынан көше беру жайлы ұсыныстары тыңдалды.

Кездесуде облыс әкімі жеке азаматтар қойған сауал-тілектердің барлығын арнайы саралап, жауапты орындарға тапсырма етіп жүктеді. Сонымен қатар, қабылдауда айтылған әрбір мәселе өз бақылауында болатынын жеткізді.



БАСПАСӨЗ – 2020

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.
«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

Түркістандық ұстаздар Сыр елінде

Өткен сенбі, жексенбі күндері А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ардагер ұстаздары Сыр елінде болды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына орай арнайы «Туған жер» жобасы және «Халықаралық карттар күні» қарсаңында өлкеміздің киелі жерлерінде болып, Қорқыт баба кесенесіне тағзым етті.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Әуелгі ат басын көне Сығанақ қалашығына бұрған ардагерлер тарихи қазба жұмыстарымен танысты. Қазақ даласының үш хандығының астанасы болған қаланың орны

жал-жал болып үйілген қара топырақ. Қорғанның солтүстік бегі жермен-жерсен болып шөгіп, тегіс жерге айналған. Бүгінде ол маңды жергілікті тұрғындар Сунақ ата деп те

атайды. Сапар барысында түркістандық ұстаздар әлі де жүріп жатқан археологиялық қазба жұмыстарына куә болып, қыш құмыралар, сүйектер, ошақ орындары мен Хан сарайы орналасқан төбені тамашалады.

— Қаланың қазіргі орны — 10 гектар жерді алып жатқан үлкен бесбұрышты төбе. Жан-жағында үйінділер, су жүргізілген құрылыс іздері сақталған. Ежелден үлкен сау-дәстүрлі орталықтарының бірі болған соң, қалаға қызығушы мемлекеттер арасында Сығанақ үшін

жиі соғыс та болған, соның салдарынан қала жиі бүлініп, кей хандықтың тұсында қайта жанданған. Тарихшылар Сығанақ қаласының өз заманында халықаралық сауда орталығы болғандығын да айтады. Ұлы Жібек жолында орналасқан Сығанақта күніне 100 түйеге артылған тауар сатылған көрінеді. Солардың арасында көшпелілер алып келетін ең жақсы садақтар мен жебелер үлкен сұранысқа ие болыпты.



Кәсіпкерлер құқығы қолдауға ие

Кеше Қызылордадағы «Достық үйінде» облыс әкімінің орынбасары Мұрат Имандосовтың төрағалығымен бақылау-қадағалау органдарының бизнес қауымдастығы алдында есеп беру жиыны өтті.

Назерке САНИЯЗОВА.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биылдан бастап 30 қыркүйек – республика көлемінде Бірыңғай есеп беру күні болып белгіленді. Мақсат – бақылау-қадағалау қызметінің реформалауды жүзеге асыру аясында тиісті заңнама талаптарын бұзудың алдын алу, кәсіпкерлер мен ұйымдардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Жиында қадағалаушы органдардың өкілдері жыл басынан бері атқарылған жұмыс және өзекті мәселелер жөнінде баяндады. 1 қыркүйектегі мәліметке сүйенсек, өңірде 753 мыңнан астам салық төлеуші бар. Кірістер органдарында мемлекеттік қызметтің 45 түрі көрсетіледі.

– Қызметкерлердің салық төлеушілермен тікелей байланысын азайту, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында электронды түрде мемлекеттік қызмет көрсету үлесі жыл сайын артып келеді. Биыл 8 айда 47 мыңға жуық қызмет ұсынылса, оның 97,5 проценті электронды жүйеде болды, – делі облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орынов.

Экономиканың қарқынды дамуы, қоғам талабының өзгеруіне байланысты өткен жылы жаңа Салық кодексі қабылданды. Ол адал салық



төлеушілердің мүддесін қорғайды. Жыл басынан бергі салықтық тексерулер кезінде касса чегін бермеу, тіркеусіз кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру жағдайлары көптеп тіркелген.

Жиында облыстық тауар-

бойынша атқарылған жұмыстың есебін берді.

– Биыл 9 айда 393 өрт оқиғасы тіркелсе, оның 22-сі кәсіпкерлік объектілеріне қатысты. Нәтижесінде 3 адам жапа шегіп, 15 млн теңге шамасында материалдық шығын келді. Дүниежүзілік метеорология ұйымының есебіне, төтенше жағдайдың алдын алуға жұмсалған 1 доллар өрт салдарынан жоғалуы мүмкін 7 долларды сақтап қалады. Профилатикалық шаралар кәсіпкерлікті дамытуда аса маңызды, – делі Р.Қайрақбаев.

Есеп беру күні аясында жиынға қатысушылар қадағалаушы органдардың өкілдерінен өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды. Сонымен қатар, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар бойынша несие, мемлекеттік грант алу жолдарын білді.

Руслан Қайрақбаев өз салалары

БРИФИНГ

Мемлекеттік сатып алу бір орталықтан жүзеге асады

Биылғы жылдың 8 айының қорытындысымен облыс бюджетінің түсімдер болжамы 102,7 процентке орындалды. Келер жылы мемлекеттік сатып алу үлкен өзгерістер болмақ. Бір орталықтан басқару жүйесіне өтетін бұл пилоттық жобаға Қызылорда облысы қатысушы болып айқындалды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте айтылды.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Жанзира Ерсейітова БАҚ өкілдеріне баяндады.

Облыстық қаржы басқармасы басшысының айтуынша, 8 айдың қорытындысы бойынша облыс бюджетінің түсімдер болжамы 102,7 процентке орындалған. Облыс бюджетінің кірісі 103,6 процентке орындалса, Арал ауданы 100,4, Қазалы ауданы 100,8, Қармақшы ауданы 100,3,

Жалағаш ауданы 101,9, Сырдария ауданы 102,6, Шығай ауданы 101,5, Жанакорған ауданы 102,4, Қызылорда қаласы 103,4 процентке орындалған.

– Биылғы жылдың 1 қыркүйегіне облыс бюджетінің шығыстар жоспары 98,8 процентке игерілді, игерілмегені – 2,2 млрд теңге, оның ішінде 468,7 млн теңге үнемделген қаржы болса, 1741 млн теңге басқа себептермен игерілмеген, – делі Т.Жақыпбаев.

Бұл орайда басқарма басшысы қаржының игерілуіне себепті түсіндірді. Мемлекеттік сатып алу қорытындысымен конкурста ұтылған меке-

ме сотқа шағымдануы немесе жеңімпаз мекеменің өз міндетін уақытылы орындамауынан қаржы игерілмеуде.

Биыл мемлекеттік сатып алу бойынша 78 млрд теңгенің 1693 конкурсы жарияланды. Бүгінде оның 1469-ы аяқталып, 5 млрд теңге үнемделген. Келер жылы бұл саланы айтарлықтай жаңалық күтіп тұр. 2020 жылы барлық мемлекеттік сатып алу орталықтандырылған түрде бір жерден өткізілетін болады.

– Қызылорда облысы 2020 жылдан бастап Қаржы министрілігі жүзеге асырытын пилоттық жобаның қатысушысы болып айқындалды. Жобаға Нұр-Сұлтан қаласы, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қостанай облысы қатысады. Бұл кәсіби мамандарды бір орталыққа жұмылдыру арқылы жүзеге асырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады, – делі Ж.Ерсейітова.

Елді қорғау – ердің ісі

Қай дәуірде болмасын Отан қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы. Жуырда күзгі науқанда әскерге шақырылған қызылордалықтар Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды.

Шынар БЕКБАН.



Мінекей, бағыр бабалардың осынау даңқты жолы мен Отанға адал қызмет ету дәстүрін жалғастырудың кезегі сіздердің еншілеріңізге тигелі тұр, – делі ол.

Әскерге алынған жастардың дені болашақта әскери қызметкер болуды армандайды екен. Жастардың талабына сәттілік тілеген ардагерлер ел алдындағы борышын ойдағыдай өтеп келулеріне тілектестік білдірді.

Галина – марафон жеңімпазы

Қала күніне орай жеңіл атлетикадан марафон өтті. «Салауатты Қызылорда» спорттық марафонына 1500-ге жуық қала тұрғыны қатысты. Жұлде қоры 500 мың теңгені құрайтын бәсеке сұлу Сырдың символына айналған «Сыр-Ана» монументіне басталып, «Евразия» мәдени спорт кешіне дейін жалғасты.

Марафонда 18 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар және одан жоғары жастағы ерлер мен әйелдер 4 топта жарысты. Нәтижесінде 18 жасқа дейінгілер арасында Қорқыт ата атындағы ҚМУ дене шынықтыру және спорт мамандығының студенті Галина Панасенко жеңімпаз болды.



Галина қарсыластарын басып озып, алдыңғы шептен көрінді. Бұдан бөлек, жұлделі орындарды қанжығаға байлаған әуесқой спортшылар бар. Оларды қала әкімінің орынбасары Мира Қазбекова арнайы құттықтап,

диплом мен қаржылай сыйақыларды табыстады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қала күніне орай ұйымдастырылған спорт апталығы осымен тәмам.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

ЭКОНОМИКА

Соңғы жылдары Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау бағытында көптеген игілікті шаралар жүзеге асырылды. Бұл орайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік әлсіз топтарға атауды әлеуметтік көмек көрсетудің кенінен қамтылған шараларын қабылдағанын атап өтуге болады. Әлбетте, қаржылық қолдау көрсету – жақсылықтың нышаны. Оны әркім қуана қабылдауы заңдылық. Алайда тариф, яғни баға саясаты жан-жақты ойластырылған, өнім өндіруші мен тұтынушының мүдделерін үйлестіре отыратындай деңгейде қалыптастыру қажет деп есептейміз.

Тұтынушымен бірге өндіруші мүддесі де ескеріледі

Тариф бекіту – күрделі үдеріс. Әдетте, табиғи монополия субъектілері өздеріне жоғарыдан таңдалған бағаларға қанағаттана бермейді. Өздерінің ысыраптарын дәлелдейді. Бағаның өзіндік құнына, оны қалыптастыратын шығындарға талдау жасайды. Бұл орайда әркімнің өз құжын қорғауға міндетті екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан монополистер өтімдеріне сергектіктен қарау біздің тарапымыздан да әрдайым ескеріліп отырады.

Бірақ уақыт алға жылжып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан дамуында бірнеше кезеңнен өтті. Қазір нарыққа тереңдеп енген сайын біз бәсекелестік ортаның қалыптасқанының куәсі болып отырмыз. Ал нарық заңы бұл – бәсекелестік орта. Шынайы бәсеке болмай бағаны үнемі мемлекет тарапынан қадағалап, бекітіп отыру да бүгінгі күннің талабына қайшы келеді. Уақыт өте келе біз бәрібір осы ұстанымға келетініміз анық.

Маңызды мәселені атап өткіміз келеді. Президент Қ.Тоқаев Жолдауында халықтың бір бөлігінің квазимемлекеттік кәсіпорындарға істеп, мемлекет қаржысымен қаржыландырылып отыруға дағдыланғанын атап көрсетті. Сонымен бірге бәсекелестік ортаға бейімделу маңызды екенін айтты. Қалай болғанда да бұл – өмірдің өзі алға тартып отырған талап. Бұл монополистік субъектілеріне қатысты мәселе екенін де айтқымыз келеді. Алдағы уақытта табиғи монополия субъектілері қызмет түрлерінің мемлекет реттейтін бағалары да шектелетін болады. Енді бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталайық.

Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтерін тұтынушылардың заңды мүдделеріне және құқықтарына шек қоюға жол бермеу мақсатында жүзеге асырылатын табиғи монополия саласындағы мемлекеттік бақылаудың бір түрі табиғи монополия субъектілерімен бекітілген тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламалардың орындалуына бақылау жүргізу болып табылады.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес табиғи монополия субъектілері бекітілген тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға және олардың орындалуы туралы есептерді уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Осылайша, 2018 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне 31 табиғи монополия субъектісі 53 тарифтік сметаның орындалуы туралы және 8 бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы бойынша есептерін ұсынды.

Субъектілермен тарифтік сметалардың орындалуына талдау жүргізу барысында департамент тарифтік сметалардың шығын баптарының игерілмеуі, амортизациялық аударымдар сомасын мақсатқа сай пайдаланбау, электроэнергия, ЖЖМ, шикізат, материалдар нормалары мен нормативтерінің сақталмау фактілерін анықталды.

Тарифтік сметалардың орындалуына жүргізілген талдаудың нәтижесінде департамент 18 табиғи монополия субъектісіне қолданыстағы тарифтерін 0,1%-тен 88,2%-ке дейін төмендету туралы 29 уақытша өтемдік тариф енгізді. Ондағы тұ-

тынушыларға келтірілген залалды қайтару сомасы 1269,98 млн теңгені құрады, оның ішінде реттелетін салалар бойынша:

– электр және жылу энергетикасы – 357,22 млн теңге;

– кірме жолдар – 13,02 млн теңге;

– сумен жабдықтау және суды бұру – 820,19 млн теңге;

– мұнайды қайта айдау – 79,55 млн теңге құрайды.

Осылайша, мысал ретінде: 2019 жылғы 1 тамыздан бастап тұрғындар үшін жылумен жабдықтау қызметіне 1 Гкалға ҚҚС-мен: «Теміржолсу-Қзыл-Орда» ЖШС-не 2583,84 теңгенен 2452,08 теңгеге дейін немесе 5,1%-ке, «Сырдария-Нұрдаулет» ЖШС-на 3757,15 теңгенен 561,3 теңгеге дейін немесе 85,1%-ке төмендетіліп уақытша өтемдік тарифтер енгізілді.

Үстіміздегі жылғы 1 қыркүйектен бастап тұрғындар үшін уақытша өтемдік тарифтер: жылумен жабдықтау қызметіне 1 Гкалға ҚҚС-мен «Қызылордажылу-электрорталығы» МКК-на 2834,82 теңгенен 2799,66 теңгеге дейін немесе 1,2%-ке төмендетілді. «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» МКК-ның «Қазалы-Теміржолжылу» филиалына 2168,64 теңгенен 1911,57 теңгеге дейін немесе 11,9%-ке, сумен жабдықтау қызметіне текше метрге ҚҚС-мен «Қызылорда су жүйесі» МКК-на 47,31 теңгенен 41,46 теңгеге дейін немесе 12,4%-ке, суды бұру қызметіне 53,66 теңгенен 46,42 теңгеге немесе 13,5%-ке төмендетілген. «Қазалы су сервис» МКК-ның сумен жабдықтау қызметіне текше метрге ҚҚС-мен 580,71 теңгенен 504,09 теңгеге дейін немесе 13,2%-ке, таратушы (локалды) желілер бойынша 386,95 теңгенен 242,15 теңгеге дейін немесе 37,4%-ке төмендетіліп, 1 тамыздан бастап суды бұру қызметіне тұрғындар үшін текше метрге ҚҚС-мен 104,39 теңгенен 94,79 теңгеге дейін немесе 9,2%-ке төмендетіліп енгізілді. Сонымен қатар, тұрғындар «Арал» СЖКБД филиалының сумен жабдықтау қызметіне субсидияланған тарифпен төлейді, яғни текше метрге ҚҚС-мен есептеу аспаптары бар тұрғындар үшін – 30 теңге, есептеу аспаптары жоқ тұрғындар үшін 40 теңге құрайды.

Алға қойылған міндеттерді тиімді орындау мақсатында департамент монополистерге бақылауды күшейтті. Осыған байланысты тарифтік сметаны орындамағаны үшін 22 табиғи монополия субъектісі әкімшілік жауаптылыққа тартылып, сомасы 28,2 млн теңгеге әкімшілік айыппұл салынды.

Табиғи монополия субъектілеріне қатысты жоғарыда көрсетілген барлық бақылау шаралары тұтынушылардан реттелетін қызметтерге негізсіз төлемақы алуға жол бермеуге, монополистердің заңсыз әрекеттеріне бөгет болуға ықпал етеді. Реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгеруінен болатын инфляцияға салымның нақты деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Гүлмира ӨТЕГЕНОВА, ҚР Ұлттық экономика министрілігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департамент басшысының міндетін атқарушы.



Баспанаға қол жеткізген бағдарламалар

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекет үшін қай кезде де маңызды. Бұл мақсаттағы мемлекеттік бағдарламалар аз емес. Олардың әрқайсысында қарапайым халықтың табысына қарай баспаналы болуына барынша мүмкіндік жасалған.

Ел Президенті «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірыңғай моделін әзірлеу қажеттігін айтты.

Елбасының бастамасымен «Бақытты отбасы» бағдарламасының іске қосылуы халықтың аз қамтылған бөлігі үшін тиімді жеңілдік болды. Президент Жолдауда бұл бағдарлама бойынша елімізде жыл соңына дейін кем дегенде 6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етілетінін атап айтты. Бірінші кезекте көпбалалы және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасыларды қамту – басты назарда. Жолдауда атап көрсетілгендей, 2020 жылдан бастап жыл сайын осындай 10 мың отбасы баспанамен қамтылады.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Тұрғын үй құрылысы қарқыны жағынан Сыр елінде үлгі етерліктей іс бар. Соңғы бес жыл бедеріндегі толайым табыстың бірі – тұрғын үй құрылысының қарқын алуы десек, қателеспейміз.

Баспанамен қамтуды мақсат еткен игі бағдарламалар аймақта өз денгейінде орындалып келеді. Халықты баспанамен қамтамасыз етуде, құрылыс қарқыны жағынан Сыр өңірі өзге өңірлерге үлгі болып келеді. Баспаналы болуға сеп болатын мемлекеттік бағдарламалар бойынша несие елімізде «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Банктің жергілікті филиалында күн сайын қарбалас тірлік. Мұнда бас сұғатын мыңдаған адамның арман-мақсаты – баспаналы болу. Мұнда үлкен үмітпен келген талай отбасы қуанышқа кенеліп, қоныс тойын тойлады.

– Биыл облыста халықты баспанамен қамтамасыз етуге арналған бағдарламалар жылы болды десек болады. Өткен жылы облыс әкімдігі мен банктің әріптестік меморандум негізінде қабылданған «Орда» бағдарламасы жүзеге асты. Бағдарламамен сол жағалаудағы жаңа үйлерден 246 пәтер берілді, – дейді банктің жергілікті филиал директорының орынбасары Илияс Жұрынов.

Орайы келгенде «Орда» бағдарламасының тиімділігін айта кетелік. Облыс әкімдігінің қолдауымен қолға алынған бағдарлама баспанаға мұқтажтардың ішіндегі белгілі санаттарға арналған. Атап айтқанда, көпбалалы немесе толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар, балалар үйінің тәрбиеленушілері және мемлекеттік қызметкерлер, бюджет мекемелерінің қызметкерлері және жасы 35-ке толмаған жас отбасылар. Бағдарламаның бір ғана талабы бар. Ол банк есепшотында кепілдік жарна ретінде кем дегенде 500 000 теңге жинағаныңыз болу керек.

«Орда» бойынша берілетін пәтер бағасы отбасы бюджетіне соншалықты салмақ салмайтындай есептелген. Мәселен, жалпы ауданы 58 шаршы метр болатын 2 бөлмелі пәтер 6 960 000 теңге. Жаңа пәтерінде 8 жыл бойы тұрып келген банк салымшысы осы уақыт ішінде шотына ай сайын 36 888 теңгеден ақша аударып тұру керек. Жыл сайынғы мемлекеттік және банк сыйақысын қоса есептегенде жинақ сомасы үй бағасының 50 процентіне жеткен кезде қалған 3 480 000 теңге несие түрінде рәсімделеді. Бір атап айтарлығы, бұл бағдарлама халықты табысынан ақша жинап пәтер алуға үндейді.

– Бағдарламамен берілетін 240 пәтерге конкурс жарияланғанда 1000-нан аса өтініш келіп түсті. Бұл табысы аз тұрғындар үшін бағдарламаның тиімділігін көрсетеді, – дейді филиал директорының орынбасары.

Баспанаға қолжетімді еткен келесі бағдарлама «Әскери баспана» деп аталады. Аты айтып тұрғандай, әскери қызметкерлерге арналған бағдарлама 2018 жылдан жүзеге аса бастады. Биыл жалғасын тапқан бағдарламаға бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл – әскерилердің баспаналы болуына тағы бір үлкен мүмкіндік.

– Өткен жылы бағдарлама бойынша барлық әскери қызметкерлер құжат тапсырып болғаннан кейін компьютер арқылы іріктеу жүргізілетін. Биыл кім бірінші құжат тапсырса, бағдарлама талабына сай келсе, сол баспанаға қол жеткізді, – дейді І.Жұрынов.

«Әскери баспана» бағдарламасының өз талаптары бар. Мәселен, алғашқы жарна – үй бағасының 15 проценті депозитке жиналу қажет. Әрі қарай төлем қабілеті расталса, ол кез келген үйден таңдап ала алады. Көпбалалы үйден немесе жеке тұрғын үйден таңдайды ма, өз еркі. Ең бастысы, банк талаптарына сай келсе болғаны. Бағдарламамен биыл 53 әскери баспана алған. Ал екі жылды қоса есептегенде 93 адам бағдарламамен үйлі болған.

«Негізгі қиғидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру. Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірыңғай моделін әзірлеуі қажет.

Мәселен, бастапқыда әлеуметтік мүддеге орайластырған «7-20-25» бағдарламасы аясында қарыз алушының отбасылық табысы орташа есеппен айына 320 мың теңгені құрауы тиіс. Табысы аз адамдар бұған қатыса алмай отыр.

Сондықтан биыл Елбасының бастамасы бойынша 2 проценттік

жеңілдетілген мөлшерлеменен, алғашқы жарнасы 10 процент болатын жаңа «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылды. Бұл – өте тиімді жеңілдік. Жыл соңына дейін бұл бағдарлама бойынша кем дегенде 6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Бірінші кезекте, көпбалалы және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасылар қамтылатын болады. 2020 жылдан бастап жыл сайын осындай 10 мың отбасы баспанамен қамтылады.

Үкімет бағдарламаға қатысуға арналған айқын критерийлер белгілеп, оны қатаң әкімшілендіруді

қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде көмекке мұқтаж жандарға ғана қолдау көрсетілуі тиіс. Менің Үкіметке тапсырмам – кезекте тұрған аз қамтылған көпбалалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу керек. Бүгінде олардың саны 30 мыңға жуық. Баспана сатып алуға жасдайы жоқ азаматтарға әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстану үшін мүмкіндік беру қажет. Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға 240 миллиард теңгеден астам қаражат бөледі.»

Президент Жолдауынан.



Ел назарын аударған, халықтың табысы аз бөлігін қуанышқа кенелткен «Бақытты отбасы» бағдарламасы биыл жүзеге аса бастады. Елбасы бастамасымен іске қосылған бағдарламаның жеңілдігі көп. Оған тұрғын үй кезегінде тұрған көпбалалы отбасылар, балалары кемелет жасқа толмаған толық емес отбасылар қатыса алады. Айта кетелік, неке бұзылған болса, кемінде үш жыл мерзім өтуі талап етіледі. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Бағдарлама талабы бойынша отбасы мүшелерінің табысы 42500 теңгеден аспауы тиіс.

– «Бақытты отбасы» – республика бойынша ең төмен процентпен тұрғын үй несиесі берілген бағдарлама. Бар болғаны 2 процентпен, 20 жылға дейін тұрғын үй несие рәсімдеуге болады. Бір ғана талап, қатысушы үй бағасының 10 процентін банктегі шотына жинақтау керек. Баспана алуға 10 млн теңгеге дейін несие беру қарастырылған, – дейді филиал директорының орынбасары.

Тағы бір атап айтар ерекшелік, бағдарламамен несие рәсімдеген кезде банк комиссиялары ұсталмайды. Қатысушылар өзі таңдаған үйді алуға мүмкіндігі бар. Ең бастысы, қатысушының төлем қабілеті мен таңдаған үйі банк талабына сай болу қажет. Облысымызда «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысуға 232 өтініш қабылданған. Оның 111-і мақұлданды, 21-і баспаналы болған. Ал қалғандары үй таңдау, құжат жинау жұмыстарымен айналысуда.

Айта кетелік, бағдарламаны жүзеге асыруға биыл еліміз бойынша 50 млрд теңге қаражат бөлінген. Несиең ай сайынғы төлемі 50 мың теңгеден аспайды. Бұл табысы аз халық үшін баспанаға қол жеткізудегі ең тиімді бағдарлама екені сөзсіз.

Президент Жолдауында «Үкімет бағдарламаға қатысуға арналған айқын критерийлер белгілеп, оны қатаң әкімшілендіруді қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде көмекке мұқтаж жандарға ғана қолдау көрсетілуі тиіс» деп, тапсырма берді.

Баспана алу жолын жеңілдеткен тағы бір бағдарлама «Нұрлы жер» деп аталады. 2017 жылдан жүзеге асып келе жатқан бұл бағдарламамен биыл облысымызда Сырдарияның сол жағалауынан 240 пәтер пайдалануға берілді. Тең жартысы тұрғын үй кезегінде тұрғандарға, қалғаны банк салымшыларына тиесілі. «Нұрлы жердің» өз талаптары бар. Биыл

бағдарлама талаптарына айтарлықтай өзгеріс енгенін атап өткен жөн. Мәселен, бұрын бағдарламаға қатысушылардан атында кемінде соңғы бес жылда үй болмауы талап етілсе, биыл өтініш берген күннен бастап атында жылжымайтын мүлік болмауы ескеріледі. Сонымен қатар бұған дейін тіркеуде тұрған өңірден ғана баспана алуға мүмкін болса, енді кез келген қаладан баспана алуға болады.

– Бағдарлама шарты бойынша қатысушы үй бағасының 20 процентін депозитке жинақтауы тиіс. Тұрғын үй несиесі 5 процентпен беріледі. Бүгінде «Нұрлы жер» бағдарламасына өтініш қабылдау, іріктеу конкурсы аяқталды. 240 пәтерге 703 өтініш келіп түсті. Қазір іріктеуден өткендердің төлем қабілеті расталауда, – дейді І.Жұрынов.

Айта кетелік, «Нұрлы жер» бағдарламасына қатысушылардың да құтты мекені сол жағалауда. Өне-міне дегенше жаңа қалада тағы да қоныс той көбейгелі тұр.

Әрине, баспанаға қол жеткізу үшін халықтың барлығы бірдей мемлекеттік бағдарламаға қатыса алмайтыны аян. Бұл ретте «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» «Өз үйім» бағдарламасының мүмкіндігін пайдалануға болады. Биыл «Өз үйіммен» сол жағалаудан 215 пәтер пайдалануға берілген.

– «Өз үйім» бағдарламасы 2015 жылдан бастап жүзеге асуда. Әдепкіде бағдарлама талабы бойынша алғашқы жарна үй бағасының 30 процентін жинақтау және несиенің жылдық үстемесі – 8,5 процент болса, өткен жылдан бастап алғашқы жарна 20 процент және несие 7 процентпен беріле бастады. Бағдарламаның бір тиімді тұсы – кез келген адам қатыса алатындығы. Ең бастысы, төлем қабілетін растаса болды. Атында жылжымайтын мүлік бар болғаны да келергі емес және кез келген қаладан үй алуға мүмкіндік бар, – дейді І.Жұрынов.

Аймақта биыл халықтың аз қамтылған бөлігін баспанамен қамтамасыз етуде «Баламекен» жобасы жүзеге асты. Меценат «Болат Өтемұратов қоры» және облыс әкімдігі арасындағы меморандум нәтижесінде «Бәйтерек» шағын ауданында 150 отбасыға арналған жаңа үй пайдалануға берілді. Көпбалалы отбасылар қоныстанған бұл аудандағы 100 үй қор қаржысымен, 50 үй жергілікті бюджет есебінен салынды. Бұл 150 көпбалалы отбасын қуанышқа бөледі.

«Орда» олжа әкелді



Салтанат Рахметова: Сол жағалау игеріле бастаған кезде осы жақтан үй алсақ деп армандайтын едік. Арманымыз орындалды. «Орда» бағдарламасының тиімді екенін естіп, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» шот ашып, ай сайын ақша жинай бастадық. «Жастар жылында» жолымыз болды. Жакында сол жағалаудағы үйлерден «Орда» бағдарламасы бойынша жарияланған конкурсқа қатыстық. Қорытындысында №17 үйден 3 бөлмелі пәтер бізге бұйырды. «Орда» жас отбасы үшін ең тиімді бағдарлама екеніне көзіміз жетті. Қуанышымызда шек жоқ.

«Бақытты отбасы» бақытқа бөледі



Гүлнүр Беркінбаева: Баспанам болса деген арман кейде қол жеткізбейтіндей болып көрінетін. «Бақытты отбасы» бағдарламасы мен сияқты көпбалалы аналарды қуанышқа бөледі. Бағдарлама іске қосылған сәтте тиісті құжаттарды өткіздім. Нәтижесінде баспаналы болдым. Өзім «DALATEX» компаниясында тігінші болып жұмыс істеймін. Жылдар бойы пәтерден-пәтерге көшу оңай емес. Пәтер жағалаған соң ақша жинау да мүмкін емес. Көпбалалы отбасылар үшін бұл ең тиімді бағдарлама болды. Міне, енді өзіміздің баспанамыз бар. Әсіресе, балалардың қуанышында шек жоқ. Бұл бізді бақытқа бөлген бағдарлама болды.

«Әскери баспанамен» үйлі болдым



Максат Байқазиев: Мен ҚР Қорғаныс министрлігінің «66597 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде он жылға жуық уақыттан бері қызмет етіп келемін. «Әскери баспана» менің әріптестерім үшін өте тиімді бағдарлама. Өзім осы бағдарламаның игілігін көрдім. Өткен жылы бағдарламаға қатысып, екі бөлмелі пәтер алдым. Жалпы халыққа, оның ішінде жас отбасыларға баспанаға қол жеткізуге мүмкіндік жасап жатқан мемлекеттік бағдарламалар өте тиімді.



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауы арқылы елімізді дамытуды көздейтін жаңа бағыт, жаңа леп, жаңаша көзқарастар, жаңаша ұсыныстар мен міндеттер айқындалды.

Президент өз Жолдауында Тәуелсіздік жылдары жасампаздық пен ігерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болғанын, осы уақыт ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналғанын айтты. Халыққа берген уәделерін міндетті түрде

еді. Ал облыс әкімдері мен олардың орынбасарлары бекітілген график бойынша азаматтарды айына бір рет, қала, аудан әкімдері мен орынбасарлары апта сайын, ауыл әкімдері күнделікті қабылдап, тұрғындардың арыз-шағымдарын, өтініштерін, ұсыныс, пікірлерін тыңдап,

әрекеттеріне тез арада тосқауыл қою талап етілді.

Жолдаудың қарқынды және инклюзивті экономиканы дамыту жөніндегі бөлігінде Мемлекет басшысы алдымен шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртарап-тандыруды, еңбек өнімділігінің нақты өсімін кем дегенде 1,7 есеге арттыру көзделіп отырғанын қозғайды.

Бизнеске тұрақты түрде қолдау көрсетіліп, Ұлттық қордан 100 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінетін болды. Бірақ қаржылай қолдаудың игілігін тек жергілікті билікпен байланысы бар шаруашылықтар ғана

Азаматтар мүддесін қорғау – басты бағыт

орындайтынын мәлімдеген Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белестің ортақ мақсаттарын, оның ішінде сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға негізделген Жолдаудың басым бағыттары туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауының өзге Қоғамдық диалог тақырыбы болды. Мемлекет басшысы елдің саяси жүйесін кеңейтудің маңызын жасап, оны аяқтайтын жаңа бағытты белгілеп, оған қолдау берді. Үкімет формуласын ұсынды. Сондай-ақ азаматтардың сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бәрімізге ортақ міндет екенін баса айтты. Осындай пәрменді тетіктердің бірі ротациялық тәртіп бойынша жұмыс істейтін, белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі болуы тиіс екені айтылды. Қоғамды толғандырып отырған негізгі мәселелер көшеде емес, Парламентте және азаматтық диалог аясында талқыланып, шешімін табуы тиіс.

Мемлекет басшысы билік пен халықтың арасында тығыз байланыс орнату мемлекеттік орган қызметінің негізгі басымдықтарының бірі саналатынын атап көрсетті. Осы мақсатта Президент Әкімшілігінде азаматтардың өтініш-шағымдарын мемлекеттік органдардың сапалы қарауын бақылап, тиісті шаралар қабылдайтын бөлім ашылды. Осы сияқты азаматтардың арыз-шағымдары, өтініштері, хаттарымен жұмыс істейтін бөлім облыс, республикаға бағынысты қалалардың әкімдіктерінде ашылғаны жөн. Бүгінде орталық пен жергілікті атқарушы органдарда құрылған қоғамдық кеңестер өз әлеуетін толық іске асыра алмай жатыр. Осыған байланысты Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өңірлердің әлеуметтік хал-ахуалын біліп отыру үшін және салалық, аймақтық қоғамдық кеңестердің жұмыстарын жандандырып, жаңа деңгейге көтеру үшін олармен тығыз байланыста жұмыс істегендері дұрыс болар еді. Қоғамдық назардан тыс қалып отырған квазимемлекеттік сектор жұмысын ашық ету үшін, олардың бақылау кеңестеріне азаматтық қоғам өкілдерін енгізу туралы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесіне айтылған ұсыныстар өте орынды. Халық пен биліктің байланысын нығайта түсу мақсатында Үкімет мүшелері азаматтарды ай сайын қабылдап, жергілікті тұрғындармен жылына 2 рет кездесіп, олардың талап-тілектерін тыңдап, халық алдында есеп беріп отырасы, артық болмас

шешіп немесе түсіндіріп отыруды өздерінің жұмыс істеу тәжірибесіне айналдырғаны жөн. Сонымен бірге облыс, аудан басшылары елді мекендерде халықпен жиі кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстарға есеп беріп, алда тұрған міндеттер туралы хабарлап отырулары керек. Мұндай кездесулер мен қабылдауларда күнделікті тіршіліктегі түйткілді мәселелерге байланысты ашық ой-пікірлер, ұсыныстар, өтініштер айтылады. Оларды есепке алып, орындауын бақылап, келесі кездесулерде қалай орындалып жатқаны баяндалып отырса, халық айтылған ұсыныс-пікірлердің жерде қалмайтынын түсініп, қоғамдық жұмысқа белсене араласатын болады.

Тыңдай білсең, халық – дана. Пікірлесу, ақылдасу, тыңдау барысында айтылған ой-пікірлердің ішінен талай інжу-маржанды теріп алуға болады. Халық жай әңгіменің өзінде саған талай ақыл айтады, талап қояды, міндет артады. Көптеген түйінді мәселе көпшілік талқысына түскенде өз-өзінен шешімін тауып кетуі де мүмкін немесе мұндай кездесулер алдағы жұмыстарға бағыт-бағдар беруі де ғажап емес. Ең бастысы, жұмыстың осындай бағыты билікті халықпен жақындастырады, халықтың билікке деген сенімін ұлғайтады, елдің бірлігі нығаиды.

Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы ретінде елімізде көп-партиялылықты, саяси бәсекелестікті және пікір плюрализмін дамытуға ықпал етуді тікелей міндеті деп білетіні туралы маңызды мәлімдеме жасады. Президент елде бейбіт митингтерді өркін өткізуді қолдайтынын, егер олар заң аясынан шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, оларды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажеттігін жеткізді. Алайда заңсыз әрекеттер мен бұзақылық жасауға тыйым салынатын болады.

Президент қоғамда көптен айтылып келе жатқан мемлекеттік тілдің ролін арттыру мәселесіне ерекше мән беріп, қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі ролін бекемдеп, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі ролі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезең келетінін айтты.

Жолдаудың «Азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп аталған бөлімінде Мемлекет басшысы қоғамда үлкен резонанс тудырған аса өрескел, келенсіз жағдайларға; зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, өйелдерге жасалатын тұрмыстық қысым және басқа да тұлғаларға, әсіресе балаларға зардабы тиетін ауыр қылмыстардың жазасын жедел түрде қатаңдату жөнінде Парламент пен Үкіметке тапсырма берді. Бұған қоса, табиғатқа аяусыз қастандық жасап жүрген браконьерлердің

көрмеуі керек. Шағын және орта бизнесті қолдауда басымдық жаңа жұмыс орындарын ашатын, қосымша салық түсімдерін ұлғайтатын жаңа жобаларға берілуі қажет. Жолдауда микро және шағын бизнеспен айналысушы кәсіпкерлер салық төлеуден 3 жылға босатылуы және 3 жылға дейін тексеруге тыйым салынатындығы айтылды. Мемлекет басшысы шағын және орта бизнеске келергі келтіретін әрекеттердің бәрі мемлекетке қарсы жасалған қылмыс деп есептелуі тиіс екенін атап көрсетті. Себебі шағын, орта бизнес нарықта тауарларды, қызметтерді көбейтеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жергілікті бюджетті толықтырады, бәсекелестікті дамытып, монополизмді жоюды, жағдайы төмен азаматтарға көмектеседі.

Жолдауда әлеуметтік сала бойынша ең алдымен білім беру сапасын жақсартуға мән берілді. Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасы аяқталған бара жатқанын назарға алған Мемлекет басшысы Үкіметке келесі жылдан бастап «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын қаржыландыруды 20 млрд теңгеге жеткізуді жүктеді. Сондай-ақ «Дарынды баланың» кабинетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырды және келесі жылдан бастап мұғалімдердің еңбекақысы 25%-ға өсетінін мәлімдеді. Бұған қоса, мәдениет қызметкерлеріне де қолдау көрсетіліп, еңбекақысы көтеріледі. Ал медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысында Президент үш жылда тегін медициналық көмекті қаржыландыруға 2,8 трлн теңге бөлінетінін және бұған қосымша денсаулық сақтау жүйесін дамытуға 2,3 трлн теңге бағытталатынын айтты.

Сонғы жылдары елімізде әлеуметтік көмек алатын адамдардың саны да, бөлінетін қаржы да бірнеше есеге өсті. Дегенмен, Үкімет әлеуметтік көмек берудің тәртібін реттеу керек. Көмек беру жүйесін ашық әрі әділетті болып, ол адамдарды мәсәлімдікке емес, еңбек етуге ынталандыруы тиіс. Ол үшін әрбір ауыл округі, шағын аудан, қалалар мен аудандар бойынша тұрғындардың әлеуметтік қаржысын жасап, жағдайы төмен, көп балалы, мүмкіндігі шектеулі отбасыларды анықтап, берілетін әлеуметтік көмекті сөзбұйдаға салмай, оның ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз етіп, барынша жеңілдету қажет. Мәсәлімдікке жол бермеу үшін бұл отбасылардың еңбекке жарамды мүшелері міндетті түрде жұмыспен қамтылуы қажет.

Сонымен қатар отбасылық шағын және микробизнесстер құруды ынталандыруға, көпбалалы аналарға үйде отырып жұмыс істеу мүмкіндігін беруге күш салынуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы Жолдауы қоғамды толғандырған мәселелердің бәріне жауап берді. Алдымыздағы мақсат айқын. Ендеше, біріміз осы жолда бір кісідей жұмылып, еселі еңбек пен тынымсыз тірліктің үлгісін көрсетіп, аянбай тер төгейік, ел бірлігін, ынтымағын нығайтайық.

Қуаныш АЙТАХАНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері.
«Egemen Qazaqstan» газеті.

ӨРЛЕУ

Тіршіліктің тамыры

Жақсы жол – жан тынысы

Тіршіліктің бәріне жан бітіріп, сән келтіретін маңызды жүйе – көлік-логистика саласы. Бұл – экономиканың барлық буынын байланыстыратын, ел мен елді жалғастырып, алысты жақын ететін, бірлікте берекеге ұластыратын аса маңызды сала. Сондықтан оны дамытуға әрқазір де көңіл бөлінуде. Еліміздің экономикасы мен өндірісінің барлық буынын байланыстыратын салаға биыл 80 жыл толды. Ал тәуелсіздік жылдарында жол қатынас жүйесінің жаңғырғанын бірі

лануда. Жаңақорғандағы аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Шалқия» автомобиль жолы толығымен күрделі жөндеуден өткізіліп, биыл пайдалануға берілді. Ұзындығы 47 шақырымды құрайтын «Келінтөбе-Қандөз-Көктөбе» автомобиль жолына биыл облыстық бюджеттен 1 316,3 млн теңге бөлініп, 28 шақырымы күрделі жөндеуден өткен. Келер жылы бұл жолдар пайдалануға беріледі. Қалаға қарасты «Қараөзек» ауылына (3 шақырым), «Қызылөзек» ауылына (3 шақырым), «Ірікөл» ауылына кіреберіс (16 шақырым) автомобиль жолдарының орташа жөндеу жұмыстары аяқталған.

«Самара-Шымкент-Талдыарал» жолына



біледі. Халықаралық логистикалық маңызы бар күрежол ұзын-сонар шақырымдарды қысқартып, діндеген жерімізге тез жетуге септігін тигізуде. Әуе қатынасы арқылы да небәрі санауды сағаттарда еліміздің алыс аймақтарына, тіпті шетелге тікелей ұшуға мүмкіндік алды.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, облыс аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3451 шақырымды құрайды. Оның 1016-сы республикалық, 563-і облыстық, 1872-сі аудандық маңызы бар жолдар. 2013-2018 жылдары 1594 шақырым автомобиль жолдары мен қала, кент және елді мекендердің көшелері жөндеді. Сондай-ақ, осы жылдар ішінде облыс аумағында 12 көпірге жөндеу жұмыстары (5 көпір құрылысы, 1 көпірді реконструкциялау, 6 көпірді күрделі жөндеу жұмыстары) жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Биыл жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекендер көшелерін жөндеуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық бюджеттен 4,6 млрд теңге, облыстық бюджеттен 7,5 млрд теңге барлығы 12,1 млрд теңге бөлініп, 192 шақырым автомобиль жолдары мен елді мекендердің көшесі мен көпірі жөндеуден өтуде. Оның ішінде 5,25 шақырымның құрылысы және қайта жаңғырту жұмыстарына – 3 739 млн теңге, 165 шақырымның күрделі жөндеу жұмыстарына – 6 562,4 млн теңге, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың ағымдағы жөндеу және күтіп ұстауына – 1117,6 млн теңге, жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге – 59,6 млн теңге, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде қаладағы кіреберіс жолы салуға 112,9 млн теңге бөлінген.

Қазіргі күні қалаға берісіз ауылдар бой көтеріп келеді. Ажарлы сол атақоныстардың тыныс-тіршілігі шаһармен тығыз байланысты. Екі ортада ерлісі-қарсылы тынымсыз жүретін көліктер үшін жолдың тақтайдай тұзу, тегіс болғаны керек. Бұл ретте ауыл толтырып айтар толымды тіріліктер аз емес, – дейді басқарма басшысы Ержан Әбдіқалықов.

Оның айтуынша, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында ұзындығы 11,6 шақырым болатын Жосалы кентінің 8 көшесі жөнделіп, 314,5 млн теңгесі игерілген. Жалағаш кентінің 7 көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Қазалы ауданының «Әлсейіт» учаскесінде Сырдария өзеніне көпір салу және сол жағалау бөлігіндегі «Шіркейлі» арнасына көпір салу құрылыстары көп ұзамай пайдалануға беріледі деп күтілуде. Қазалы және Жалағаш аудандары аумағындағы автомобиль жолдары бойында орналасқан көпір өткелдері күрделі жөндеуден өтуде. Шнелі ауданы, Шнелі кентіндегі теміржол арқылы өтетін автомобиль көпіріне облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, сатып алу конкурсы жүргізілуде. Сол жағалаудағы 2-магистральды көшенің құрылысы жұмыстарына облыстық бюджеттен бөлінген қаражат толығымен игеріліп, құрылыс-монтаж жұмыстары уақытша тоқтатылды. Себебі, бұл жобаның жалпы құны 5557,7 млн теңгені құрайды. Сондықтан жобаны аяқтауға әлі 3096,5 млн теңге қажет. Аталған жобалар 2020 жылы пайдалануға беріледі деп жоспар-

«НАС» – автоматтандырылған басқару жүйесі

Теміржол бойындағы тірлік еш бәсеңдеген емес. Тіршіліктің маңызды құрамына саналатын теміржолмен күніне мыңдаған тонна жүк вагондары мен талай жолаушылар тасымалданады.

Магистральдық темір жол желісінің жалпы ұзындығы 1055 шақырымды құрайды және 8 вокзал (Қызылорда, Шнелі, Жаңақорған, Сексеуіл, Арал теңізі, Қазалы, Жосалы, Төретам) бар. Облыс орталығынан 6 жұл «Қызылорда-Алматы-Семей», «Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Петропавловск», «Қызылорда – Нұр-Сұлтан Нұрлы жол» (Тальго), «Қызылорда-Нұр-Сұлтан» және «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» пойыздары ұйымдастырылған.

Биыл қантар-тамыз айларында әлеуметтік маңызы бар «Қызылорда-Бесарық-Қызылорда» ауданаралық қатынасымен 22,7 мың жолаушы тасымалданып, 109,2 млн теңге (63,1%) қаржы игерілген.

Биыл 16 шілдеден бастап «Марал-Нұр» ЖШС «Қызылорда-Жезқазған-Нұр-Сұлтан» пойызына өз қаржысымен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 4 вагон сатып алып, жолаушы тасымалдауда.

Цифрландыру барлық салаға жаңашылдық әкелді деуге болады. Себебі, галамтор арқылы үйден шықпай-ақ, билеттерге тапсырыс беріп, пойыздардың жүру кестесін бақылай аласыз. «Жобалық басқару» жобасы шеңберіндегі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізінде қаладағы «Салтанат» ЖШС автовокзалына «НАС» автоматтандырылған басқару жүйесі енгізілді. Бұл жолаушылар үшін ыңғайлы әрі тиімді.

«Қызылорда қаласындағы қоғамдық көліктерге электрондық билеттік жүйесін орнату» және «Ауданаралық тұрақты тасымалдау маршруттарындағы автобустардың жүргізушілерін бірінші кезектегі үлгісімен қамту» жобаларын іске асыру жоспарлануда. Ол арқылы жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасының артуына, тасымалданған жолаушылар санының ашықтығына, тасымалдың тиімділігін жоғарылатуға, кіріс көзінің артуына қол жеткізілетін болады.

Әуе қатынасындағы серпінді жобалар

Қай кезде де еліміздің экономикасы мен өндірісінің барлық буынын байланыстыратын маңызды көлік саласының бірі – әуе қатынасы. Сыр елінің әуе қатынастарында да серпінді жобалар мен жетістіктер жерлерлік. Бүгінгі күні Қызылорда әуежайы арқылы Астана, Алматы, Атырау, Қарағанды, Мәскеу, Анталья қалаларына әуе байланысы қарастырылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы қаулысымен «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ға халықаралық ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат берілді. 2018 жылдың 16 шілдесінен бастап халықаралық «Мәскеу-Қызылорда-Мәскеу» рейсі ашылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қазандағы қаулысымен «Қорқыт Ата әуежайы» АҚ-ға халықаралық ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат берілді.

Бүгінгі күні әуежай арқылы аптасына 25 тұрақты рейс орындалуда, оның ішінде: Мәскеуге – 4 рейс, Нұр-Сұлтан қаласына – 12, Алматыға – 7, Қарағандыға – 2 рейс.

Жыл басынан 75,5 мың жолаушы жөнелтілді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,2 процентке артық.

«Мәскеу-Қызылорда-Мәскеу» әуе маршруты бойынша 8 айда орындалып, 15,3 мың жолаушы жөнелтілді. Сонымен қатар, шілде айында облыс әкімдігімен «Аэрофлот» АҚ-ға Мәскеу мен Қызылорда қалалары арасындағы әуе қатынасының жиілігін арттыру бойынша ұсыныс жолданды.

«Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы құрылысы жобасын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде іске асыру жоспарланып отыр. Жеке әріптесті анықтау жөніндегі конкурстың бірінші кезеңі аяқталып, аталған жобаға «B1 Civil Construction» ЖШС қызығушылық танытты. Қазіргі уақытта «B1 Civil Construction» ЖШС өз қаржысы есебінен жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленген.

Жалпы, қатынастың барлық буындары бойынша облыста тұрақты даму бар. Бұл даму біздің бүгінгі тіршілік ырғағымыз бен болашақ көкжиегімізді айқындай беретін болады.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.





Елбасы жариялаған «Жастар жылы» аясында жастарға мол мүмкіндіктің қарастырылуы – заңдылық. Ал, биылғы іс-шаралар келесі жылы жаңа буынды волонтерлік жұмысқа тартуға ұласады. Себебі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында 2020 жыл «Волонтер жылы» болатынын жеткізді.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Жігерлігіе жол ашық



Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Жастар жылының» игілігін, ең алдымен, жастардың өздері көруі қажеттігін, баспа оларға қолжетімді болуын тапсырған еді.

– Міне, Үкіметтің бастамалары, ең алдымен, осы міндеттерді назарға алуы тиіс. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек. Ең басты міндет, «дайын аска тік қасық» дегендей, жастарға бақытты өмірді жасап беру емес, оларға өз бақыттарын өздері тауып, мақсаттарына жетуге жағдай жасау өте маңызды, – деген еді.

Иә, дәл қазіргідей кезең – жалғанның қызығына елтіп, жалығатын емес, әрбір қазақ жасаның желініп, жеңді түріп қойып тірлік қылатын мезеті. Бүгінде Сыр елінде «Болам» деген жасқа бағыт беретін бастамалар, еңбеккер жанға жөн сілтеп, жарқарауына мүмкіндік беретін жобалар бар.

Облыста Байқоңыр қаласы жастарын қоса есептегенде 14 пен 28 жас аралығындағы 177 мыңға жуық жас тұрады. Жастар арасындағы басты мәселе барлық өңірдегі секілді – жұмыссыздық. Соңғы бес жылда бұл көрсеткіш 5,1 проценттен 4,2 процентке төмендеген.

Жастарды қолдау, олармен қоғамдық-идеологиялық жұмыс жүргізу қашанда маңызды. Бүгінгі буынның ертеңгі болашақты қалыптастыратыны да айқын. Сондықтан, Сыр елі «білекке емес, білімге сенетін» жаһандану заманында жастардың елдің ғана емес, шетелдің ауылуы оқу орындарында оқуына мүмкіндік жасалды.

2013 жылдан бастап аймақта суранысқа не мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың жоғары оқу орындарында білім алуы үшін облыс әкімінің 100 гранты тағайындалып келеді. Өткен жылдан бастап грант саны 200-ге артты. Осы кезге дейін 878 мектеп түлегі облыс әкімінің грантына ие болса, қазір оның 400-ден астамы диплом алған.

Сондай-ақ, Қызылорда – көрші елдің қаржысы есебінен беделді ЖОО-да жүздеген түлек оқытуды ұйымдастырған

Сондай-ақ, «Жастар жылы» аясында Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы жастар ресурстық орталығы қайта жаңғыртудан өткізілсе, Қызылорда қаласындағы орталық арнайы ғимаратқа ауысты. Ал, Байқоңыр қаласында жастар орталығын ашу үшін жаңа ғимарат беріліп, жанарту үшін қаржы бөлінген.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақовтың

айтуынша, «Жастар жылы» Қызылорда облысында жүзеге асыруға бағытталған арнайы іс-шара жоспары бекітілген.

– Өңірлік кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес және жоспардан тыс қазірге дейін түркітілдес елдері жастарының қатысуымен халықаралық фестиваль, халықаралық деңгейдегі тренерлерді тарта отырып IT эшелон жоспары, 100 жасты қамтыған республикалық лагерь өткізілді. Облыс әкімінің жұлдісі үшін өткен жайдарман ойыншыларының республикалық әзілі кеші, ашық аспан астындағы жастар кеші, облыстық ауыл жастарының слеті де жаңа буынның бір мақсатқа бірігіп, белсенді болуына жол ашты. Сондай-ақ, 3 рет көшпелі негізде аудандарда облыс әкімдігі жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес жұмысы ұйымдастырылды. Ал, аудандарда жастарды жұмыспен қамту мақсатында Жастар еңбек бригадасы, жастардың мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несиелер алуы үшін кепілдік жарналарын өтеуге бағытталған арнайы қамқоршылық қор жұмысы, жастар арасында еріктілікті кеңінен насихаттау, еріктілік қызметтің әлеуетін арттыру мақсатында тұрмыс төмен отбасыларға тұрғын үй салып беруді ұйымдастыратын еріктілер тобы жобасы жұмысын бастады. Облыс жастарының кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Kuzylorda Business Hub» жаңа жобалары қолданысқа енді, – деді Қ.Жанұзақов.

Сондай-ақ, басқарма басшысы жыл соңына дейін шығыс ауданды атыған Г.Мұратбаевтың атындағы республикалық деңгейдегі жастар сыйлығы, талданып, дарынды жастарға арналған облыс әкімінің сыйлығы табыстау, жастарға арналған облыстық форум ұйымдастыру жоспарланғанын жеткізді. Республикалық жастар театрларының фестивалін, жастар шығармашылық ұжымының спектаклді қойылымын жасақтау, «Жақаев ізбасарлары» еңбек лагерінің өткізіліп келеді. Өткен жылы жастар 3 күннен егін алқаптарында жұмыс істесе, биыл күршіне орақ түскен кезеңнен бастап 7 күндік еңбек лагері басталған.

Биыл сырбайлық жаңа буынға Жастар жылының ең басты тартуы – Сырдарияның сол жағалауынан зәулім ғимараттың ашылуы болды. Есігінен кірген бетте есеңді көтеріп, ерекше дизайнмен таңғалдыратын орталық жастардың 24 сағат бойы алаңсыз жұмыс істеуіне арналған. Ең бастысы бұл – жастарды біріктіретін, батыл бастамалары мен тың идеяларын талқыға салатын орын. Атап айтсақ, орталықта IT-парк, антикафе, кітапхана, коворкинг, фитнес-орталық, жастарға әдістемелік қызмет көрсету бөлмесі, 330 адамға арналған конференц-зал, 50 орындық конференц залында соңғы үлгідегі техниканың игілігін көруге болады.

Мақсатымыз – жастардың басын біріктіру

Талғамы терең, талабы мықты жастарды біріктіретін жастар ұйымдарының бірі – «Jas Otan» Жастар қанаты. Олардың мақсаты жарқын болашаққа жол салу. Еселі еңбек пен инновацияны қалайтын жас көшбасшылар қандай жобаларды жүзеге асыруда? Бұл туралы «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілеспен әңгімелестік.

– Талғат Оспанұлы, алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы жайында пікіріңізбен бөліссеніз...

– Мемлекет басшысы Жолдауда жастар мәселесіне кеңінен тоқталып, нақты жұмыстар атқарылуы керек екендігін тапсырды. Алдымен, сапалы білім мәселесін ерекше атап өтті. Иә, қазір аты бар, бірақ базасы дұрыс жасакталмаған, сапалы білім беруге мүмкіндігі жоқ оқу орындары кездеседі. Бүгінде жастардың заман талабына сай білім алуына екі мәселе кедергі келтіруі мүмкін. Алғашқысы, оқу орындарында білімнің дұрыс берілмеуі, екіншісі – сыбайлас жемқорлық. Жолдаудан туындаған міндеттер бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен республикалық «Jas Otan» Жастар қанаты меморандумға отырды. Меморандум аясында адалдық алаңдарымен бір-

«Jastar Otanga» еріктілер мектебі жасакталуда. Бұл келесі жылға дайындық болар...

– Иә, Президент алдағы жылды «Волонтер жылы» деп атау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл жұмысымызды келесі жылға дайындық деуге де болады. Қазір жастардың барлығының саяси сауаттылығы жоғары деп айта алмаймыз, кейбірінде саяси иммунитет жоқ, керітартпа әңгімелерге, сыртқы күштердің әсеріне сеніп қалып жатады. Сондықтан, саналы иммунитет қалыптастыруды алдыңғы орынға қойып отырмыз.

Екі апта көлемінде «Jas Otan presentation» жиынын барлық оқу орындарында өткізген едік, қазірдің өзінде 350 жастан ұсыныс түсті. Тіпті, студенттерден өзге жас мамандар да қатысуға ынталы. Әлі де 10 күндік уақыт бар, сондықтан жастардың бақ сынап көруіне болады. Біз соның ішінде 100 жасты таңдап алатын боламыз. Айта кетейік, бұл – республикалық емес, тек облыстық «Jas



ның директоры, бизнес-мотиватор Ларион Лянды шақырмақшымыз. Ол еріктілер мектебіндегі жастармен қатар, Н.Бекежанов атындағы казак-музыкалық драма театрында жұмыссыз, маргинал жастармен кездесу өткізетін болады. Ларион Лянның бір кездері тұрмыстық жағдайы төмен болған, сондықтан оның жетістікке жету жолы жастарға қызық деп ойлаймын.

– Қазір елімізде шағын және орта бизнеске қолдау күшейді. Бір жыл бұрын кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығымен бірге «Самға» жобасын бастаған еліңіздер. Жоба нәтижелі болды ма?

– Бүгінде «Самға» жобасына қатысушылардың барлығын «Атамекен» қолға



лесіп жұмыс жүргізілуде. Ал, біздің облыста «Таза сессия» жобасы бойынша Қорқыт ата атындағы КМУ студенттері мен магистранттарынан 276 сауалнама алынды.

Қазір жастар санасындағы «пара бермесек, мәселе шешілмейді» деген стереотипті жою маңызды болып тұр. Оңтүстік Африкадағы іргелі бір оқу орнына кіреберісте мынадай жазу бар екен. «Егер бір мемлекетті жойғын келсе, білім беру жүйесін бұз, ал жастарын жойғын келсе, олардың бір-бірінен көшіруіне рұқсат бер». Сондықтан емтихандардың әділ болуына, жалпы оқу орнындағы сыбайлас жемқорлық мәселесіне қатты мән беріміз керек.

Жуырда, әлеуметтік желіде белгілі бір оқу орнына қатысты студенттердің пікірі жарық көрді. Олар жазбада жаңа оқу жылы басталғалы сабақ беруге келмеген оқытушылар бар екендігін айтқан. Мұны көрген соң «Ақмешіт адалдық алаңымен» бірлесіп, дереу әлгі оқу орнына арнайы барып, қоғамдық бақылау жүргіздік. Сол кезде білім базасына, студенттердің сабаққа қатысуына байланысты олқылықтың бар екенін анықтадық. Тіпті мұнда студенттердің спортпен шұғылдануына жағдай жасалмаған. Сондықтан бұл оқу орны туралы аналитикалық ақпарат білім бақылау департаментіне жолданды.

– Облыстық «Jas Otan» ЖҚ ұйымдастыруымен

«Jas Otan» ЖҚ-ның инициативті жобасы.

Еріктілер мектебінің арнайы тұжырымдамасы да бар. Тұжырымдама бойынша оқыту 4 кезеңнен тұрады. Біріншісі, «Person» кезеңінде тұлға ретінде қалыптасу, психология, өзін-өзі дамыту, имидж қалыптастыру бағытында білім алса, «Жүрек» кезеңінде еріктілікке бейімделу, көшбасшылық қасиетті дамыту, тайм-менеджментке дағдылану, үшіншісі «Саяси көзқарас» басқарушылық қабілетті жетілдіреді. Ал, «Даму» бағыты SMM, копирайтинг, тілдік курстардан тұрады. Осы кезеңдер аяқталғаннан кейін біз жастарға мынадай мүмкіндіктер ұсына аламыз: үш ерікті жасты «Nur Otan» партиясының кадрлық резервіне енгіземіз, үш еріктіге республикалық «Jastar Otanga» лагеріне, екі еріктіге «Nur Otan» партиясының саяси менеджмент мектебінде оқу жолдамасын береміз. Сондай-ақ екі еріктінің «Jas Otan» Жастар қанатының V съезіне қатысуына ықпал жасап, барлық қатысушыларға сертификат табыстайтын боламыз. Сабақты әр аптаның жұма, сенбі күндеріне қойып отырмыз. Мұнда 6 ай бойы қолғама танылмай тұрғандар, белгілі сала мамандары жастармен кездесу өткізетін болады. Айталық, қазан айының соңында «100 жана есім» жобасының жеңімпазы «IC-GROUP» корпорациясы-

алған «Жас кәсіпкер» жобасына бағытталды. Нәтижесінде Екі жобаның да мақсаты бір және ол жаста ең бастысы қаржы қарастырылған.

«Самға» жобасында байқағанымыз, жастар кәсіп ашу үшін екі негізгі бағытта келді, бірі мал шаруашылығын дамыту болса, бірі білім орталықтарын ашу. Біздің жоба үйлестірушіміз кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығымен бірлесіп, 35-тен астам жастың оқуына жағдай жасалды. Пилоттық жоба келесі жылы да жалғасатын болады. Себебі, кәсіп бастарда көптеген жастарға заң тұрғысынан көмек керек. Кейбір дипломы бар жастардың арасында кәсіпкерлер үйінің, жұмыспен қамту орталығының қай жерде екенін білмейтіндер бар. Сондықтан оларға ақпараттық қолдау көрсетеміз, екіншіден кәсіпті әрі қарай жүргізуіне мүмкіндік жасаймыз.

– Елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын кеңінен жүзеге асыру мақсатын жүзеге асыруда. Бұл орайда сіздер қандай жұмыс атқарудасыздар?

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаты құрстың логотипін қойып, шара өткізу емес. Жобаның мақсаты ата-бабаларымыздың тарихын таныту, бүгінгі буынның бойында рухани серпилік жасау. Өткенде бір ағамыз қазіргі жастардың бойындағы ең жақсы қасиет прагматик екенін айтып қал-

ды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында прагматизм деген бағыт бар. Расымен, қазіргі жастар өзіне керек дүниені жақсы біледі, соған тез бейімделеді, ал өзі қызықпаған дүниеге уақыт жоғалтпайды.

Рухани жаңғыру бір ұйымның ғана атқаратын жұмысы емес, ол түйсікпен келетін дүние. Қазір аудандарда еңбек лагері өткізілуде. Лагерь жұмысы Арал, Қазалы аудандарынан басталды. Ал, 4-5 қазанда Қызылорда қаласында ұйымдастырылмақ. Аталған бағдарламаны біз қалай насихаттаудамыз? Бүгінде атқа отыруды, асық атуды, домбыра тартуды, ет жіліктеуді білмейтін жастар бар. Ауылдық жердің өзінде қыздар сиыр сауу мен құрт жасауды білмейді. Бұрынғы дәстүрден қол үзіп қалдық. Біздің бабаларымыз дала академиясы, дала медицинасының докторы болған деп айтар едім. Атқа мінудің өзі қаншама дертке шипалы, қазақтың жеті атадан қыз алыпайтын ұстанымының өзі ұрпақтың сан кеселге ұшырауының алдын алатын. Сондықтан, лагерьде жастардың ұлттық ойындар мен дәстүрлерді танып білуі үшін сайыстар ұйымдастыратын боламыз.

Лагерьдің ерекшелігі бұл жолы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жұмыспен қамту орталығы, «Даму» қорымен бірлесіп 50 маргинал жаспен түрлі бағытта жұмыс істейміз. Мақсатымыз – олардың жыл соңына дейін жұмыс табуына көмектесу, кәсіпке бейімдеу. Өйткені, олардың бәрі жұмыссыз. Кезінде облыс әкімі болған Қырымбек Көшербаев «сендер белсенді жаспен жұмыс істей бермендер, олар онысыз да қылмыс жасамайды, олардың өз бағыты, мақсаты бар. Одан да неге жұмыссыз жастарға көңіл бөлмейсіңдер?!» деп жиі айтатын. Сондай-ақ, лагерьде жастарды «Абзал и К» ТС-ға және жаңадан ашылған цехтарға апаратын боламыз. Мұндағы ойымыз, техникалық мамандықтардың да ештенен кем емес екенін көрсету. Қазір май-май болып жүрген ешкім жоқ, бұл техниканың дамыған заманы, жастар осыны түсінсе дейміз.

– Жаңа оқу жылы басталды, жасотандықтар қатары көбейген болар. Жалпы «Jas Otan»-ның жобаларын өзге, негізгі бағыттарды қандай?

– Жас Отанның негізгі мақсаты жастардың басын біріктіру, қоғамдағы жаңа саяси процестерге жастарды бейімдеу, саяси көзқарастарын қалыптастыру, Елбасы саясатын жастар арасында насихаттау. Партияның жастар қанаты болғандықтан, жастар мәселесін тыңдау, оны жергілікті билікке жеткізу. Иә, қазір жасотандықтар қатары әртүрлі сала мамандарымен, студенттермен толығып жатыр. Айта кетерлігі, қазір «Оян, қазақ!» деп атқарылып жатқан жұмысқа керітартпа ой айтып, ұрандап жүрген жастар бар. Ондай арзан популизмге салынуға, арзан популизмге салынған жастарға еруге болмайды.

– Сөзімізді қорытындыласақ, тәуелсіз елдің жастары қандай болуы керек?

– Тәуелсіз елдің жастары, біріншіден, тәрбиелі болуы керек. Ядролық қару білімді адамдардың жетістігі, бірақ соның әсерінен адамзат үлкен жапа шекті. Сондықтан, замандастарым – біріншіден, тәрбиелі, екіншіден, білімді, үшіншіден, бәсекеге сай болса деймін. Шәкәрім ақын айтқандай, әр адам өзімен алысуы керек. Сондай-ақ, әр жастың бойында, ол кәсіпкер болсын, ол құрылысшы, домбырашы болсын, өз мақсатымен қатар, тәуелсіздікті баянды ету мақсаты болғаны дұрыс.

Әңгімелескен Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы».

"TSIFRLYQ QAZAQSTAN"

"Syr boy" gazetiniń arnauy beti



Цифрландырудан не ұтамыз?

Үкімет тарапынан әлеуметтің әлеуетін көтеру мақсатында жыл сайын түрлі бағдарламалар қабылданады. «Цифрлық Қазақстан» соның қатарында. Оған Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында басымдық берген еді.

Мәллір ҚАЛЫМБЕТ.



Құжат халықтың 80 проценттен астамын компьютерлік сауатты етіп, интернет желісімен қамтуға, үйден шықпай-ақ коммуналдық қарызды төлеуге септесуге мүмкіндік береді. Бағдарлама алдағы 5 жылға бұдан бөлек те маңызды міндеттер жүктелді. Бірнеше жүйені цифрландыру қажеттігі байқалды, тиісінше ол жұмыстар дер кезінде жүзеге асты. Осы орайда «Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруда алға жылжу бар ма, бағдарлама жақын арада диттегеніне қол жеткізе ме?» деген сұрақ туындауы орынды. Маман жауабына жүгінсек.

Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің басшысы Жанбоға Жұмабаевамен тілдескенімізде, ақпараттық технологияларды

мемлекеттік секторға енгізу жұмысы шамамен он жыл бұрын сәтті басталғанын айтты. Оған бір ғана мысал келтіруге болады, ол – eGov жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүзделген операцияны жүргізуге болады. Ал, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бұл жүйенің жұмысы одан әрі жетілдірілмек.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметтерді ашық және тиімді ұсынуға жүктелді. Бұған дейін Елбасы 2020 жылы мемлекеттік қызметтердің кемінде 90 проценті электронды форматқа көшу тиістігін айтты. Бүгінде біздің облыста тізілімдегі 740 қызметтің 192-сін жергілікті атқарушы органдар көрсетеді. Оның ішінде 75 қызмет Мемлекеттік корпорация арқылы, 98-і

электронды түрде ұсынылады. Оның ішінде «DamuMed», «Е-лицензиялау», «Е-собес» секілді 22 ақпараттық жүйе бар. Атап өту қажет, портал арқылы көрсетілуі тиіс қызметтер саны – 127, оның ішінде 48 қызмет баламасыз түрде тек порталмен жүргізіледі. Жыл соңына дейін 56 қызмет түрі автоматтандырылмақ. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім саласындағы 4 қызметті автоматтандыру жоспарлануда. Бұдан бөлек, қазір жер қатынастары саласында жергілікті атқарушы органдар 14 қызмет түрін көрсетсе, оның 3-еуі «Е-лицензиялау» ДҚ АЖ-де автоматтандырылған. Қалған 11 қызметті орталықтандырылған түрде автоматтандыру қажет. «Өңірлік геоақпараттар жүйесін» құруға да 177 млн теңге бөлінді. Аталған жүйеге бас жоспар, түбегейлі жоспарлау жобалары, инженерлік жүйе мен бас жер учаскелері жайлы ақпарат енді, – деді Ж.Жұмабаева.

Иә, жоғарыдағы мәлімет цифрландырудың барлық секторға етене ене бастағанын көрсетеді. Ең бастысы, айтарлықтай нәтиже бар. Мәселен, білім саласын алайық. Құзырлы мекеме ұсынған мәліметке сүйенсек, автоматтандыру салаға серпін берген. Электронды журнал енгізілгені бүгінгідей мектеп пен ата-ана сынып журналы, үлгерім табелі мен қағаз күнделік сатып алуға ақшасын шығындамайды екен. Жүйеге 124 мектеп пен 1 колледж қосылған. Оның арқасында ата-ана баласының қай

тақырып бойынша баға алғанын біліп, мұғалімге хат та жолдай алады. Ал, «BilimLand» цифрлы білім беру порталы мұғалімдерді тегін дидактикалық материалдармен қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұдан бөлек, оқушылардың келешектегі кәсібін менгеріп, IT ілімді, робототехниканы игеруіне ерекше көңіл бөлінуде.

Мұндай қарқын денсаулық сақтау саласында да байқалады. Себебі, басшылық қызметті электрондық форматқа ауыстыру тұрғындарды әуре-сарсаннан құтқаратынын қаперге алған. Емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды цифрлық нұсқада жүргізуге көшкен. Оның ел тұрғындарының электронды денсаулық паспорттарын жасауына, кезек күту мәселесін түбегейлі жоюға көмектесетіні айтпаса да түсінікті. Оған қоса «DamuMed» мобильді қосымшасы дәрігер қабылдауына алдын ала жазылуға, дәрігерді үйге шақыртуға, рецепт, ембекке уақытша жарамсыздық парағы, зертханалық талдау нәтижесін туралы мәліметті алуды жеделдетуде. Бүгінде оның қызметін пайдаланушылар үлесі 41,7 процентті құрап отыр.

Жоғарыда айтылған, коммуналдық төлемдерді де қазір мойын созып, сағаттап кезек күтпей, терминалдан төлей салу мүмкіндігі көптеген жерде қарастырылған. Тұтынушылар енді су, жылу, электр жарығы, тұрғын үй қызметі мен тазалық қызметіне бір кассадан төлейді. Облыс

бойынша 700 терминал арқылы электр жарығы үшін төлем жасауға мүмкіндік бар. Айта кетейік, «Android» операциялық жүйесінде арнайы бағдарлама да іске қосылған. Ол арқылы сіз смартфонның бетін сипап, қаражатты диттеген жерге жеткізе аласыз. Кәсіпкерлік саласына да осындай бірсыпыра тиімді дүние енгізілген.

Цифрлық технологияның ауылшаруашылық саласына берері көп, әрине, егер алдағы уақытта оны пайдаға жарата алсақ. Шартарапқа танымал миллиардер Билл Гейтс ойлап тапқан «Оракул» деген компьютерлік бағдарламаны естүіңіз бар болар. Ол ауылшаруашылық жерлердің хал-ахуалын санаулы уақыт ішінде талдаудан өткізіп, қандай жағдайда екенін анықтап бере алады. Жасыратыны жоқ, бізде егістік пен жайылым жерлердің көбі жекенің қолында, оның пайдаланылу жайынан хабарымыз аз. Ал, аталған бағдарлама сол жер иесінің кім екенін, оның қолданыста немесе қанша уақыттан бері пайдаланылмай жатқанын анықтай алады. Айтпағмыз, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында «Оракул» да таяу жылдары елімізде қолданысқа беріле, таңғалмаймыз.

Тақырыпқа тұздық, Гейтс осыдан 15 жыл бұрын «Ғаламтордан сырт қалған адамның болашағы бұлыңғыр болуы мүмкін» деп топшылаған еді. Ол шындыққа айналды. «Бүгінгі болжам – ертеңгі ақиқат» деген рас.

Жас педагог математика сайтының құрастырды

Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі математика пәнінің мұғалімі Мұхтар Бегайдаров мұғалімдер мен оқушыларға арналған қазақша математика сайтының жасап шығарды.

Шынар БЕКБАН.



«Nismath.org» деп аталатын онлайн-платформа оқу процесінде пайдалануға болатын түрлі ресурстармен құралдар жинақталған. Бұл сайтта оқушылардың қосымша теориялық материалдар, сынақ емтихан жұмыстары, әртүрлі типті тест пен олимпиада беті арқылы өздігінен білім алуына мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ, мұғалімдер үшін пәнді оқытудың сапасын арттыру бағытында түрлі тақырыптағы макалалар, бейнесабақтар мен 600-ге жуық үштілді математикалық терминологиялық сөздіктер мен оқулықтардың электронды нұсқалары жүктелген. Веб-портал қолданушыларына қажетті топқа бөлу және бірігу құралдары, калькулятор және таймер секілді қосымшаларды да осы ақпараттық ортадан алуға болады.

М. Бегайдаров сайт жасауға қазақ тілді ресурстардың аздығы түрткі болғанын жасырмады. Оған қоса, өзінің және әріптестерінің жинап жүрген ресурстары көп болған.

– Осылардың барлығын бір жерге жинайтын деген ой келді. Компьютерді жақсы меңгергенмен, бұрын-соңды сайт жасаумен айналыспағанмын. Нақты мақсат алға қойылғаннан кейін, осы істі бастау үшін сайт жасауды үйрендім. Ең бірінші жасаған сайттым – айтуға да күшкілі, дегенмен, бірте-бірте қатемен жұмыс жасау арқылы басқа сайттармен тең деңгейге жеткенім сияқты. Мәселен, google pageSpeed сервисімен сайт жылдамдығын тексергенде, 100% көрсетті. Бұл – басқа сайттардың көрсеткішінен әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, SEO (searchengineoptimization) жағынан да алдыңғы орынға шықты, – деді сайт құрастырушы.

Оның айтуынша, google немесе басқа да іздеу сервисіне «математика кітаптар», «қазақша математика сайты» немесе «математикалық терминдер», «математикадан тесттер», тағы да басқа осы тақырыптағы сөз тіркестерін іздесеңіз, бірінші болып nismath.org сайты көрінеді. Оқушылар жалпы және жекелеген курстармен жұмыс істеп жатыр, кітаптарды пайдаланудан бөлек, тесттерді белгілеп, өз нәтижесін тексеруде. Тест жүйесі ispring, moodle, surveyjs платформалары арқылы жұмыс жасайды. Оқушының нәтижесін мұғалімдер де көріп отырады. Әрине, сайт жасау үшін арнайы білім қажет. Дегенмен, мұғалім өзі мақсат қойып, жоспар картасын (mindmap) жасап алу керек. Егер шағын көлемдегі сайт жасаймын дейтіндер болса, tilda, wix, google site, adobemuse секілді конструкторларды пайдаланса болады.

– Мен де алғашқыда осындай конструкторлардан бастап үйренгенімді мойындаймын. Кейін құрылымына мән беріп қарай отырып, версткасын жасау қиын емес екенін көзім жетті. Қазір де білмейтін нәрселерім өте көп, қосымша уақытымда үйреніп жатырмын. Информатик әріптестерімнен, мектептегі IT қызметкерлерінен үнемі ақыл-көнес алып отырамын, – деді ол.

Осы жылы жас математик білім беру жүйесін дамыту мен өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі қосқан үлесі мен жеткен жетістіктері үшін Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатына ие болды.

Тиімді әрі үнемі

Бүгінде күн жүйесінен қуат алатын құрылғылар көптеп қолданысқа еніп келеді. Осындай игілікті іс атқарып жүрген «КүнТех» компаниясының өнімі экологиялық тиімділігі жөнінен елімізде жоғары сұранысқа ие.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Назарбаев университетінің базасында құрылған және батыс технологиясы бойынша жасалған күн жылытықштар (гелиоколлекторлар) елдегі жалғыз осындай өндіріс екен. Мұндай коллектор жазда – 90, қыста 50 градустық жоғары температурадағы суды жепытады. Оның көмегімен еденді ыстық сумен жылыту бойынша жылына 80 процентке дейінгі үнем жасауға болады. Орта есеппен 5-7 адам үшін үйде 3 панель мен 300 литр сыйымдылық қажет. Қызмет

тифриз айналысқа түседі. Коллектордың ішкі қабырғалары жылу оқшаулағыш қабатымен бүрделген. Үстінен түскен күн сәулесінің 91 проценті сипіп, жылу энергиясы қайта қуатталады. Жұмысын кіріктірілген автоматты жүйе басқарады. Бір панель-радағы суды жепытады. Оның көмегімен еденді ыстық сумен жылыту бойынша жылына 80 процентке дейінгі үнем жасауға болады. Орта есеппен 5-7 адам үшін үйде 3 панель мен 300 литр сыйымдылық қажет. Қызмет



көрсету мерзімі 40 жылдан астам бұл құрылғылардың кепілдігі – 5 жыл. Электр энергиясы үшін өтемілдік мерзімі – 3 жыл, газ үшін 7-9 жылды құрайды. Жылыту қызметін мүлтіксіз атқаратын аталған гелиоколлектор – алюминийден жасалған тік бұрышты панель. Ішінде ан-

өнімді Арал ауданындағы мектептерге орнату жұмысы өткен жылы қолға алына бастаған.

Арал ауданында БҰҰ Даму бағдарламасы арқылы жүзеге асырылатын ғаламдық экологиялық қордың шағын гранттар бағдарламасының қаржыландыруымен көптеген жоба қолға

алынууда. Сондай жобалардың біріне қатысып, аудандағы бірнеше мектепке күнмен су ысатын гелиоқуыені қондырған және 100-ден астам энерготімді шам орнатқан «Өрлеу-Консалтинг» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Дастанбек Жұпан өнімнің тиімділігі жайында айтқан еді.

Осы тұрғыда аталған энерготімді шамдардың жалпы адамзат баласына пайдасы мол. Бұл жөнінде айтпай кетуге болмас. Қазіргі ең қауіпсіз – жарық-диодты шамдар. Аты айтып тұрғандай, бұл энергосамдардың электр қуатын үнемдеуде пайдасы орасан. Шамдардың ұзақ мерзімге шыдайтынын, энергияға төлейтін қарқыны әлдеқайда үнемідейтін бірі білсе, бірі білмес. Бұл шамдар энергия үнемдеу жарығы нарығында сөзсіз көш басына шығады. Оның тиімділігі қарапайым қолданыста-ақ айтарлықтай нәтиже беріп, жоғары сұранысқа ие болады.

Атап айтқанда, «Өрлеу-Консалтинг» жастар қоғамдық бірлестігінің ҒӘЖ ШҒБ/БҰҰДБ қаржыландыруымен «Арал ауданы мектептерінде энерготімді технологияларды демонстрациялау» атты жоба аудандағы бірнеше мектепте жүзеге асырылған. Жасқылыш кентіндегі №19 орта мектеп, Қамыстыбас елді мекеніндегі №21 орта мектеп және Шөміш елді мекеніндегі №263 орта мектеп ғимаратына біз жоғарыда сөз еткен энергия тиімділікті арттыратын гелиоколлектор және энергия үнемідейтін LED шамдары орнатылған.

«Мұндай артықшылықтар алдағы уақытта ауданның өзге де білім ұяларында байқала бастайды», – дейді аталған жобаны аудандық деңгейде қолға алған қоғамдық бірлестік төрағасы Д.Жұпан.

Илон Маск: «Өзге ғаламшарлықтардың барына сенбеймін»



SpaceX компаниясының басшысы Илон Маск біздің ғаламшиқарада ешқандай өзге ғаламшарлық жоқ екенін хабарлады. Бұл туралы РИА Новости ақпарат агенттігі жазды.

Оның айтуынша, адам – зияткерлік көрсеткіші ең жоғары жаратылыс. «Егер менен өзге ғаламшарлықтар жайлы сұрайтын болсаңыз, «мен олар жайлы білім келеді, бірақ олар расында бар дегенге қаншалықты сенесіз? Мен өзгеғаламшарлықтардың бар екенін айқындап беретін ақылға қонымды бір ауыз сөз де естімедім» деп жауап берер едім», – деді Илон Маск.

Әйгілі миллиардер адамзаттың Жер ғаламшарында тек 700 миллион жылы қалғанын атап өтті. Оның айтуынша, шекті мерзім келгенде Күннің әсерінен Жер жоқ болып кетеді. Сол себепті, қазірден бастап адамзат ғарыш саласын менгеріп, өзге ғаламшарларды зерттеумен айналысу керек.

SpaceX компаниясы ғарышқа ұшырғалы жатқан Starship кемесі 1-2 ай кәлемінде көкке көтерілетінін хабарлады. Бұл кеме 20 шақырым

биіктікке дейін көтерілуге қауқарлы. Сонымен қатар, бірнеше мәрте пайдалануға жарайды. Арнайы бағдарлама арқылы бір уақытта жүзге жуық адам Марсқа саяхаттай алады.

Илон Маск Қызыл ғаламшарды отарлауды армандайды. Бұл арманын 2000 жылдары SpaceX компаниясының негізін қалағанда-ақ жүзеге асыруды бастап кетті. Ол NASA ғарыш агенттігінің бұл іске селқос қарап жатқанын, 4-5 жыл арасында Марс планетасына адам жібермейтінін біліп, бұл істі өзі тәуелсіз жүзеге асыруды бастады.

Оның ойынша, кезі келіп адамдар Жер шарын тастап кетеді. Сол кезде адамзаттың жаңа мекені Марс сияқты ғаламшарлар болады. Маск Твиттер әлеуметтік желісінде Ай немесе Марсқа ұшу билеті қанша тұратынын айтқан еді. «Мен сенімді түрде айта аламын: Марсқа саяхаттау қазір әр адамға 500 мың доллар болса, болашақта ол 100 мың доллардан да аз болады», – деді.

Ақпарат көздерінен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді» деп атап айтқан болатын. Тұрғындар саулығын сақтауда ең алдымен олардың қауіпсіздігіне назар аударудың маңызы зор.

Айнұр БАТТАЛОВА.



ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес

Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті мен Фармация комитеті бірігіп, ҚР Денсаулық сақтау министрінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті болып қайта құрылды. Аталған қаулыға сәйкес, жаңа комитет қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысын қадағалайды. Техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ, тамақ өнімнің қауіпсіздігі саласындағы талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау, құзыретінің шегінде облыс аумағында реттеуші функцияларын жүзеге асырады. Бір сөзбен айтқанда, жаңа ведомство медициналық қызметтердің сапасын қадағалайды, дәрілік заттардың айналымы мен елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бақылайды.

Қайта құрылған комитеттің аумақтық құрылымы – облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінде бүгінгі күні 8 аумақтық басқарма, 19 бөлім бар. Бірнеше жылдық тәжірибесі бар, білікті санитарлық дәрігерлер, эпидемиолог дәрігерлер мен гигиенист мамандар, фармацевттер абыройлы қызмет атқарады. Департаменттің биылғы сегіз айдың берінде атқарған жұмыстарын саралаған едік.

Санитарлық саламаттылық маңызы

Жоғарыда атап өткеніміздей, департаменттің негізгі қызметтік бағыттарының бірі – халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету.

Облыста аса қауіпті инфекциялар және туберкулез ауруы бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Тұрғындар арасында аса қауіпті жұқпалы وبا, тырсық, күйдіргі, құтырма аурулары тіркелген жоқ. Алайда, есепті мерзімде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының аурушандылығы күрт өскендігі байқалады. Мәселен, былтыр осы мерзімде зертханалық жолмен нақтыланған 3 жағдай тіркелсе, биыл 8 жағдай тіркелді. Өкінішке орай, біреуі өліммен аяқталды. Ауру ошақтарында тиісті индетке қарсы іс-шаралар кешені атқарылып, барлық ошақтар эпидемиологиялық асқынударсыз жабылды.

– Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алуда жылда көктемгі-күзгі мезгілде қолайсыз елді мекендердегі мал қораларда, мал бақасына, буферлік аймақтарда және елді мекен айналасындағы санитарлық-қорғаныш белдеуде кенеге қарсы дезинсекция жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстарға облыстық бюджеттен қосымша қаржы бөлінеді (2018 ж. – 202,052 млн тт, 2019 ж. – 214,501 млн тт). Бүгінгі күні Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында күзгі науқан жүргізілуде. КҚГҚ бойынша қолайсыз елді мекен саны – 123. Сонымен қатар, КҚГҚ эпидемиологиялық маусымында (наурыз-қазан айлары) барлық медицина қызметкерлері тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуде, – деді департамент басшысы Ғалия Бөйменова.

Биыл сарып ауруының аурушандық көрсеткіші былтырғы осы мерзіммен салыстырғанда бір деңгейде (2018 ж. – 56 жағдай, 2019 ж. – 60 жағдай). Дегенмен, соңғы 2 жылда сарыптың өсу тенденциясы байқалуда. Өйткені, Қазалы және Жаңақорған аудандарында эпизоотиялық ахуал тұрақсыз.

Негізгі ауру көзі – уақ мал деп анықталуда. Ветеринария қызметі кешенді іс-шаралар жүргізуде.

Туберкулез аурушандығы өткен жылмен салыстырғанда 3,2%-ке төмендеген (2018 ж. – 342 жағдай; 2019 ж. – 331 жағдай). Биылғы 8 айда жалпы жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық қауіпсіздігіне назар аудару бағалануда.

Облыс көлемінде есеп

дың алу бойынша екі айлық жариялау туралы» бірлескен бұйрық негізінде көп тірлік атқарды. Биылғы маусым-шілде аралығында тұрғындар арасында облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы мамандарының қатысуымен халық көп жиналған орындарда кең көлемді жұмыстар атқарылды.

Аймақта ауыз су сапасының былтырмен салыстырғанда микробиологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіші жағынан жақсарғаны байқалды.

Облыс көлемінде өнім қауіпсіздігін мониторингтеу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға барлығы 2824 өнім сатып алынған, оның ішінде отандық өнім – 744 (26% құраса), Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген өнімдер – 1690

уапты тұлғаларға 14 әкімшілік шара көрілді.

Облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау қызметінің қадағалауында 1418 балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру нысаны бар. Облыстағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту, бейімделген ғимараттағы оқу-тәрбие ұйымдарын санитарлық қағидалар талаптарына сәйкестендірудің маңызы бар. ҰБТ науқаны бойынша, балаларды сауықтыру ұйымдарының жаз маусымына дайындығы, жалпы білім беретін мектептердің жаңа оқу жылына дайындығын қамтамасыз етуді жүзеге асыруда ауқымды жұмыстар атқарылды. Облыстық білім басқармасымен бірлесіп білім беру ұйымдарын санитарлық қағидалар

берінде республикалық, жергілікті бюджет есебінен 4 білім нысанына (Жосалы кентіндегі №27, 30 орта мектепке, «Қармақшы аграрлық-техникалық колледжге» және Жалағаш кентіндегі №201 орта мектепке) күрделі жөндеу жүргізілді. Жалпы білім беретін мектептердің өндірістік бақылаумен қамтылу жағдайы біршама жақсаруда. Өндірістік бақылаумен Арал, Қармақшы, Сырдария, Шиели ауданы 100%, Жалағашта 80%, Жаңақорғанда 71,4%, Қызылорда қаласында 48%, ең төмен көрсеткіш Қазалы ауданында 10% қамтылған.

Дәрі-дәрмек саудасы бақылауда

Фармацевтикалық бағыт бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсақ,

Бақылау пәрмені сапаны төмендетпейді



беріп отырған уақыт аралығында жұқпалы аурудың 8 түрі (күрөзек, сіріспе, көкжөтел, полиомиелит, іш сүзегі, туа біткен қызамық ауруы, қызамық, гемофильді инфекция) тіркелмесе, 20 түрлі жұқпалы аурудың деңгейі өткен жылмен салыстырғанда төмендеген.

Қызылша ауруының эпидемиологиялық тұрақсыздануы жыл басынан бері орын алып келеді. Зертханалық жолмен нақтыланған 419 жағдай тіркелді. Ауруға шалдыққандардың 78 проценті 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде болса, оның ішінде басым көпшілігі 1 жасқа дейінгілер (56%). Ауруға шалдыққандардың 83 проценті – егілмегендер. Осыған орай жоспарлы иммундау шараларының орындалуы оптималдық деңгей аясында жүргізілді. Нақты айтқанда, биылғы 8 айда қызылша, қызамық, эпидпаротит, ауруларына қарсы жалпы 12540 бала егілген, оның 11710-ы жасына сәйкес қамтылғандар. 1 жастағы мақсатты топтағы балаға шаққанда етумен қамту көрсеткіші 66 процентті құрады (оптималдық деңгейі 63,3-66,6 процент).

Облыс көлемінде жұқпалы жедел ішек аурулары бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Жұқпалы жедел ішек ауруларының 458 жағдайы тіркелді. Аурушандық көрсеткіші 58,9-ды құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 3 процентке төмендеген.

Облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті денсаулық сақтау және білім басқармалары «Жұқпалы жіті ішек инфекцияларының, тағамнан уланудың жа-

талаптарына сәйкестендіру жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, орындалуы бойынша бақылау жүргізілуде.

Балаларды сауықтыру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуда Қармақшы ауданында жыл он екі ай жұмыс істейтін 150 орындық лагерь салынууда. Қызылорда қаласындағы «ПҚКР» АҚ-ның «Арай-Санрай» балалар демалыс лагері күрделі жөндеуден өтті. Жаңақорған ауданындағы «Тау самалы» лагеріне 12 орындық құрастырмалы монша орнатылды және стритбол алаңы жасқалтырып, лагерь асханасы қосымша электрлі мармитпен жабдықталған.

Облыстағы 6 лагерь (Арал ауданындағы «Қамбаш олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы», Сырдария ауданындағы «Жалын», Жалағаш ауданындағы «Ақтерек», Шиели ауданындағы «Сыр ұланы», Жаңақорған ауданындағы «Тау самалы» және «Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы») жыл бойы жұмыс жасайды. Барлық

есепті кезеңде 58 тексеру жүргізілді, оның ішінде 36-сы жоспардан тыс тексеру. Биылғы жоспарға сәйкес 12 профилактикалық бақылау, 11 лицензияға дейінгі бақылау жүргізілген.

Тексеру нәтижелері бойынша 36 анықталған заңбұзушылықтарды жою туралы ұсқамалар берілді. Полиция департаменті органдарының өтініштеріне сәйкес дәрілік заттарды бөлшек саудаға сату ережесінің 13 заңбұзушылығы анықталды.

Медициналық техниканы пайдалану мониторингі

Биылғы 1 қыркүйегі жағдай бойынша облыстың медициналық ұйымдарында республикалық бюджет қаражатына 2000 АЕК-тен асатын бағаға сатып алынған, пайдаланылмай тұрған медициналық техникалардың жалпы сомасы 640 491,41 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда, көп бейінді



(60%), өзге елдерде өндірілген өнімдер – 390-ды (14%) құрады. Жүргізілген зертханалық сараптама нәтижесінде сатып алынған барлық өнімдердің 349 үлгісі (микробиологиялық көрсеткіш бойынша – 106, физикалық-химиялық көрсеткіш бойынша – 89, таңбалануы бойынша – 152) техникалық регламенттердің талаптарына сай келмеген, оның ішінде отандық өнім – 117, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген өнім – 192, өзге елдерде өндірілген өнім – 40. Мониторинг шеңберінде алынған өнімдердің басым үлесі – тағам өнімі – 2167 сынама, яғни 77%-ті құрайды. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша анықталған сәйкессіздіктер негізінде 18 нысанға жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, жа-

аудан, Қызылорда қаласы әкімдеріне балаларды сауықтыру ұйымдарының сапалы дайындығы мен материалдық-техникалық жағдайын жақсарту туралы 22 ұсыныс хат жолданды.

Жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту, мектептердегі тығыздық мәселесін шешу мақсатында республикалық, жергілікті бюджет есебінен 3 мектептің құрылысы (Жалағаш ауданындағы №34, Жаңақорған ауданындағы №169 және Қызылорда қаласындағы 600 орындық жаңа мектеп) салынууда. Тағы 3 (№198, 231, 261) мектепке жапсарлас ғимарат қосылуда. Арал ауданындағы №231 мектептің қосымша құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілген.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы шең-

облыстық ауруханасында жұмыс істемей тұрған томографиялық аппараты тексеру барысында медициналық техника компрессорының мұздату жүйесі-чиллердің бұзылғандығы, сұйық гелийдің деңгейі нөл процент екендігі анықталған. Сонымен қатар, 2017 жылдың ақпан айында медициналық техниканың бөлшектері өртенген. Қазіргі уақытта МРТ ажыратылған режимде (жылы магнит), бөлшектелген күйде және сұйық гелий деңгейі 0% құрайды. Мекеменің теңгерімінен шығару жоспарлануда.

Жалағаш аудандық ауруханасында жеткізу кезінде жиынтығының толық болмауына байланысты жұмыс істемей тұрған медициналық техникалар бойынша басқа мекемелерге өткізу жөнінде ұсыныс берілген. Қосалқы бөлшектерін алу мақсатында қаржы қарастырылуда. Атап айтқанда, нархозды ингаляциялау аппараты, биохимиялық анализаторлар, иммуноферментті анализатор, УДЗ аппараты, АД мониторингтеу құрылғысы және видеоцистоскоп.

Облыстық тері-венерология диспансері баламалы жаңа аппарат сатып алынғандықтан пайдаланылмай тұрған гематологиялық анализаторды басқа мекеме теңгеріміне беру ұсынылды.

Шиели ауданаралық ауруханасында рентген флюорография жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, мекемеде жүктеменің жоқ болуына байланысты қолданусыз тұрған құрылғылар да анықталған.

Сырдария аудандық ауруханасында оқытқылан маман болмағандықтан швейцариялық «Аппарат для ударно-волновой терапии» құрылғысы қолданусыз тұрғаны анықталды.

Қазіргі таңда маман оқыту үшін қаржы қарастырылуда.

Облыстық балалар ауруханасында да қорғалық «Аппарат для мойки и дезинфекции эндоскопов Coolendo» құрылғысы Карл Шторс компаниясының видеогастроскоп бөлшектерін жууға сәйкес келмеуіне байланысты қолданусыз тұр. Қазіргі таңда медициналық техниканы қайта іске қосу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Қадағалау қапы қалдырмайды

Есепті мерзімде «Фармацевтикалық білімі бар мамандарға біліктілік санағын беру туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсетуге 7 өтініш келіп түсті, 4-не куәлік берілді, 3-нің мәліметтері толық емес, толтырылуына сәйкессіздік болуына байланысты бас тартылған. Сонымен бірге тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге мемлекеттік 1 өтініш келген. Өтініште қате болғандықтан өтініш қанағаттандырылмаған.

Ал «Фармацевтикалық қызметке лицензия беру» бойынша 16 өтініш түскен. Оның 14-і қанағаттандырылған. Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға 11 өтініш түсіп, оның 6-на берілген.

Қазіргі таңда облыста GDP сертификаты бар 6 дәріханалық қойма (14%) және GPP сертификаты бар 22 дәріхана (9%) жұмыс жасауда. Департамент тұрақты түрде GxP ендіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Биылғы 24-26 сәуір аралығында «Агри-5» ЖШС өтініші негізінде дәріхана қоймасының тиісті дистрибуторлық тәжірибе стандартының (GDP) талаптарына сәйкестігіне инспекциялау жүргізілді.

– Бизнес құрылымдарын тіркеу процедураларын оңайлату және басқа да құқықтық шаралар қатарын ұлғайту мақсаты бар. Қоғамдық денсаулық сақтау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімінің қауіпсіздігі салаларына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазіргі таңда мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Кодекске сәйкес тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру басталғанға дейін кемінде отыз күн бұрын тексерілетін субъектіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті болып белгіленді. Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалар мен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқор-



ларынан басқа) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі қолданылады. Ішінара тексерулер жүргізуге тыйым салынады деп айқындалған. Осы аталған талаптар сақталған кезде ғана тексеру заңды болып есептеледі, – деді департамент басшысы.

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласы бойынша биылғы 8 ай көлемінде ерекше тәртіп негізінде 1026 тексеру, жоспардан тыс 704 тексеру жүргізілген.

Түркістандық ұстаздар Сыр елінде



Республикалық маңызға ие бұл ескерткіш ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының қатарында. Мұндағы қайта қалпына келтіру жұмысы аяқталған соң ашық аспан астындағы мұражай салынып, үлкен туристік орталыққа айналмақ. Сонда қазақтың тарихы мен бай мұрасы, рухани қазынасы туралы жас ұрпақ қана емес, шетелдіктер де етене таныса алады, – дейді археолог Мәле Бақтыбаев.

Келесі сапар Оқшы ата басында жалғасты. Бұл Шиеліде орналасқан мазарат, Сыр өңіріндегі, үлкен зиярат кешені. Мұнда қазақтың жеті әулиесі, сөзге шешен датқалары, батырлары жатыр. Саяхат барысында ардагерлер осы әулиелер мекеніне де бас сұғып, бабалар рухына тағзым етті. Алдымен қыпшақтан шыққан Бала би бабамызға аялдап, артында Есабыз, Ғайып ата, Қыш ата, Асан Қайғы, Оқшы ата кесенелерін тамашалап, абыздардың өмір сүрген кездері туралы тағылымды деректерді естіді.

Түс ауа түркістандық топ Қармақшы жеріндегі киелі Қорқыт бабамыздың басына да келіп жетті. Арнайы құрбандық шалынып, құран оқытылды. Университет ұстаздарының басым көпшілігі мұнда болмаған. Оны екі сағаттан астам аралап, ескерткіштің әрбір ерекшелігіне назар аударуынан байқауға болады.

1-бет

Өсіресе, келушілерді қызықтырған дала желімен үндесетін қобыз үні мен амфитеатр алаңы болды.

– Сырдарияның бойынан бері жерде Қорқыттың зираты болғаны туралы Ә.Диваев, т.б. ғалымдардың өз еңбектерінде жазылған. Ә.Қоңыратбаев жұмыстарында Қорқыт XI ғасыр басында қайтыс болған делінсе, Ә.Марғұлан-ның зерттеулерінде ол XII-XIII ғасырлар арасында өмір сүрген деген пікірлер бар. Қазақ философиясында Қорқыт ата елдің бірлігін нығайтып, түркілер дүниетанымының негізін құрған ұлы ақылшы, философ-гуманист ретінде танылады. Қорқыт – оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан бақсы, күйші, танымал жырау. Себебі оның жырларында оғыз-қыпшақ тайпаларының өмірі анық бейнеленген тарихи жағынан алғанда маңызды мұра, – дейді «Қорқыт ата» ескерткішінің музей қызметкері Айгүл Бермаханова.

Кешен басынан мол әсер алған ардагер ұстаздар Сыр өңіріндегі саяхат туралы жүрекжарды пікірлерімен де бөлісті.

– Ардагерлер үшін ұмытылмас күн десем, артықтық етпес. Университет басшылығының ұйымдастыруымен аты түркі әлемінде аңызға айналған Қорқыт ата кесенесінде болып, баба аруағына тағзым жасап, құран бағыштау құрметіне ие болдық. Есте қаларлықтай танымдық саяхат болды, – деді ардагерлер ұйымының төрағасы, профессор Балғабай Нақыпов.

– Бұл жерде рух бар, дәстүр бар. Бұл жерден қазақтың нағыз иісі шығады. Өз басым Сыр жеріндегі киелі жерлердің атын естігенім болмаса, көзбен көрмегенім. Өз салтын сақтап, өткенін құрметтеп, тарихын есептейтін білген мұндағы халыққа шынымен де мың алғыс, – деді биология ғылымдарының докторы, профессор Ырсыай Ділбәрханова.

Сапардың келесі күнінде қонақтар Қызылорда қаласында болып, сол жағалаудағы «Рухани жаңғыру» орталығындағы музейді тамашалады. Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы ҚМУ бас ғимараты мен Студенттер сарайын аралап, облыстағы бас оқу ордасының ішкі тарихымен танысып та үлгерді. Ардагер ұстаздар мұнда Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан мен Археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының көрме залдарын аралады. Келушілерге Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың оқу-тарбие жұмыстары жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Жандос Базартай келушілерге ізгі лебізін білдіріп, кәдесый ұсынды. Өз кезегінде А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ардагерлер кеңесінің төрағасы Балғабай Нақыпов киелі Түркістанның тарихи туралы құнды кітап пен кәсіби суретшілер қолынан шыққан мазмұнды суретті университет музейіне табыстады.

1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

Қаз дауысты Қазыбек би: «Жалтылдайды екен деп, жастықты сөкпе – бәрінің шыққан тегің сол. Қалтылдайды екен деп, қарттықты сөкпе – ертеңгі жетер шегің сол».

Өткен шаққа «саяхат...»

Жиырма бесте жоқ еді жасқанғаным,
Шығардым тау мен тастың
«тасталқанын...»
Сырдың суы келмейтін сирағымнан,
Тыныштық бермеуші еді «тасқан қаным...»

Отыз бен қырыққа да жасқанбадым,
Қыста «қар» болушы еді
жастанғаным...
Көктемде атып алып жүруші едім,
Айдың көлдің Аққу мен қасқалдағын...

Елу мен алпыста да жасқанбадым,
Өмірдің бастым солай басыла бергенім...
Жетпістен асқан кезде жүрек сезді,
Баяулау жүрісімің басталғанын...

Алдымда сексенім мен тоқсаным бар,
Көңілді бөйге атындай қосқаным бар...
Жаратқан ай жарылқап ғұмыр берсе,
Жасамақ алда талай жоспарым бар...

Сексенінде сезесің «күз» дегенді,
Тоқсанда табу қиын іздегенді.
Бәріңе тілейтін тек жақсылық,
Баршана Алла берсін 100 дегенді!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ.



ӨЗЕК

Ел арасында «қарттар үйі» аталып кеткен мекеме туралы сөз қозғасақ, қандай өрекінен көңілмен тұрмайық, іштей жасып қалатынымыз белгілі. Хан сарайында тұрса да, отбасының орны бөлек. Бірақ бұл жолы ардагерлердің жағдайын көзбен көріп, көңілеге түйсек деген ниетпен «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметкер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бет алдық. Ауласын жасыл желек көмкерген, іші қыздың жиган жүгіндей жинақы, тап-таза, кең ғимаратқа кірген бетте жауапты маман аяқталуға жақын қалған «Алтын күз» мерекелік концертін тамашалауға шақырды. Қарттардың сол жерге жиналарын шамалап, бұл ұсынысына біз де қарсылық танытпадық.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Қилы-қилы тағдырлар



Өмірлері ерекше күтімге арналған үйде өтіп жатқан қариялардың бұл жолғы көңіл-күйі тым ерекше екен. Қария да, бала да бір деген – осы. Жеміс-жидектен әртүрлі бейне жасап, көрме дайындаған қарттар көңілді әуенге қосыла билегенде, ең жақсы өнер көрсеткен ата мен әже – «Күз ханшайымы» мен «Күз ханзадасы» атанғанда біздің де алаң көңіл бір серпілгендей болды. Кейін білдік, бұл мекемедегі күндізгі бөлімге келушілер арасында ұйымдастырылған сайыс екен. Жүз адамға лайықталған күндізгі бөлімде қариялар екі ай қызмет алады. Республикада алғаш ашылған бұл бөлім бастапқыда бір адамға 6 ай қызмет көрсетуге арналса, кейінірек сұраныстың артуына байланысты 2 айға дейін қысқартылған. Айта кетерлігі, емделуге, тынығуға арналған бөлімге тек Қызылорда қаласында тұратын ардагерлер келе алады екен.

Ал тағдырдың дегеніне көніп, өмірін осы орталықпен байланыстырған қарттар мен мүгедектер саны 150-ден асады. Алғашында «Мейірімділік үйі» болып ашылған мекеме өткен жылы 50 жылдығын атап өткен. Ресми мәліметтер бойынша, қазір орталықта стационарлық жағдайға 107 ер, 46 әйел қызмет алушы бар. Оның жетеуі – тыл ардагері. Мұнда Алладан күдер үзбеген, тіпті орталыққа келген соң бір-бірінің жанын ұғар серік тапқандар бар. Иә, қазір 5 ерлі-зайыпты осы ғимаратта өмір сүреді. Тіпті, осыдан бір жылдан аса уақыт бұрын «Қарттар үйімен» қоштасып, жеке баспаңаға көшкен ерлі-зайыптылар да бар екен. Мекеме директорының айтуынша, қазір отағасы бақ қараушысы болып жұмыс істесе, отанасы үй шаруашылығында.

Әлгідей мерекелік кештің әсерінен көңілдегі мұңды бір сәтке ұмытқан жандардан өткен өмірі туралы сұрауды жөн көрмедік. Бірақ қазіргі жағдайын сұрап барғанда, ол туралы сөз қозғамау мүмкін емес еді.

Айталық, жеті жылдан астам уақыт осы орталықта тұрып келе жатқан Ақайша апайдың жасы 64-те. Баладай ақ көңіл жанның апай қазіргі жағдайының жақсы екенін, өзінің қалауы бойынша бөлмеде жеке тұратынын, теледидары барын, киімдерінің уақытылы жуылатынын, мұнда әңгімелесетін достарының да көп екенін айтты. Шиелі ауданында дүниеге келген ол М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесінде білім алған. Оқуын бітірген соң, 15 жыл бір мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. 36 жасқа келгенде ғана ақ босаға аттап, өзінен үш жас үлкен азаматқа тұрмысқа шығады. «Қызыл қайың» деген ауылға көшіп, сол жақта тағы да біраз жыл ұстаздық етеді. Бірақ ана атану бақыты бұйырмайды. Бірде ақ астынан сырқаттанып, жұлы-

нынан су алдырған ол содан бері мүгедектер арбасында. Бауырларына салмақ салғысы келмеген соң бірнеше жылдан бері осында тұруды жөн санапты.

Ал, К.Өтегенов пен Ж.Лиясоваға арнайы барғанымызда бөлмелерінде бір жылылықтың барын аңғардық. Ақсақалдың жасы 79-да болса, апайдың жасы 70-те. «Кемпірім тамақ істейді, мен керек затын әкеліп-апарып беремін. Зейнетке түссе, бірге базарға да барып қайтамыз. Тапсырыспен денсаулыққа пайдалы шай алдырғанмын, соны демдеп қойдым» деп ақ пейілмен қарсы алған қариялардың ендігі қалған аз уақытта бір-бірін ренжіткісі келмейтінін байқадық. Бірден қан қысымы көтеріліп, науқастың 2 айға дейін қысқартылған. Айта кетерлігі, емделуге, тынығуға арналған бөлімге тек Қызылорда қаласында тұратын ардагерлер келе алады екен.

Ал, аты-жөнін айтқысы келмеген қарттың жасы 62-де. Отыз жыл тракторшы болып жұмыс істеген кісі инфаркт алғаннан кейін отбасынан ажырай бастайды. Әйелі үш ұлын алып, Алматыға кеткеннен кейін, балалары да мұнда ат ізін салмапты. «Үлкен баламды Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да оқытқан едік, қазір Алматыдағы бір мекемеде күдер үзбеген, тіпті орталыққа келген соң бір-бірінің жанын ұғар серік тапқандар бар. Иә, қазір 5 ерлі-зайыпты осы ғимаратта өмір сүреді. Тіпті, осыдан бір жылдан аса уақыт бұрын «Қарттар үйімен» қоштасып, жеке баспаңаға көшкен ерлі-зайыптылар да бар екен. Мекеме директорының айтуынша, қазір отағасы бақ қараушысы болып жұмыс істесе, отанасы үй шаруашылығында.

Әлгідей мерекелік кештің әсерінен көңілдегі мұңды бір сәтке ұмытқан жандардан өткен өмірі туралы сұрауды жөн көрмедік. Бірақ қазіргі жағдайын сұрап барғанда, ол туралы сөз қозғамау мүмкін емес еді.

Айталық, жеті жылдан астам уақыт осы орталықта тұрып келе жатқан Ақайша апайдың жасы 64-те. Баладай ақ көңіл жанның апай қазіргі жағдайының жақсы екенін, өзінің қалауы бойынша бөлмеде жеке тұратынын, теледидары барын, киімдерінің уақытылы жуылатынын, мұнда әңгімелесетін достарының да көп екенін айтты. Шиелі ауданында дүниеге келген ол М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесінде білім алған. Оқуын бітірген соң, 15 жыл бір мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. 36 жасқа келгенде ғана ақ босаға аттап, өзінен үш жас үлкен азаматқа тұрмысқа шығады. «Қызыл қайың» деген ауылға көшіп, сол жақта тағы да біраз жыл ұстаздық етеді. Бірақ ана атану бақыты бұйырмайды. Бірде ақ астынан сырқаттанып, жұлы-

Мұнда жұріп сан қилы тағдыр иелерін жолықтырдық. Байқағанымыз, қызмет алушылардың көпшілігі уақытында шаңырақ көтермеген ер-азаматтар. Ал көпті көрген қариялардың өткен тағдырын бағамдап, түйін шығарудан аулақпыз. Жағдайлары сырт көзге жап-жақсы. Бірақ, бәрі айтуға ғана оңай...

ОЙТАРАЗЫ

Туризмге тың көзқарас керек

Қазір әлемнің көптеген елінде туризм төрге озып тұр. Саланы дамытып, кәсіп көзін таба білген көп. Жиһанкез жұртты тарта білетін мемлекеттерде сырттан ағылатын туристер санында шек жоқ. Соның арқасында мемлекет қыруар пайда көреді. Тиімділігі сол елдің дамуы, халықтың әл-ауқатының жақсаруына да ықпалын тигізеді.

Дүниежүзілік туризм ұйымының зерттеуі бойынша жаһандық экономикада басым рөл атқаратын бұл сала мұнай, көлік экспортынан кейінгі 3-орынға тұрақтайды екен. Әрине, мұның экономикалық көрсеткішке, жұмыссыздықты жоюға және инфрақұрылымды дамытуға тиімді әсер ететіні анық. Пайдалы қазбасы жоқ елдерде туризм негізгі табыс көзі саналады.

Қызылорда қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Алмасбек Есмахановтың айтуынша, облыс орталығына келетін туристер саны жыл санап арта түскен. Мәселен, былтыр Қызылордада 19 мыңнан аса қонақ келсе, биыл олардың саны 25 мыңнан асқан. Жылдағы көрсеткішті саралай отырып қандай ой түйуге болады? Осыған орай мамандар алдағы уақытта біздің шаһарға келушілердің саны екі есеге артады деп болжап жасап отыр. Ал, оларды қабылдайтын 46 қонақ үйі бар. Оның ішінде 13-і заманауи талапқа, еуропалық стандартқа сай интернет желісіне, POS-терминал қызметіне қосылған. Сондай-ақ, мұндай қызметті қамтамасыз етуші 10 турагенттік, 1 туроператор бар екен. Сырттан келген қонақтарға қаланың тарихи-мәдени орындарын таныстыру үшін 70-ке жуық ішкі маршрут белгіленген.



Сыр өңірі – көне шаһарлар мен қалашықтарға бай, қойнауына қазына бүккен киелі мекен. Әрі нағыз қазақлықтың қаймағы бұзылмай, ата-баба дәстүрі жақсы сақталған аймақ. Қазіргі таңда шетелдіктер барған жерінің мәдениеті мен тарихына, ұлттық құндылығына аса қызығушылық танытады. Осыны ескерсек, тарихты, салт-дәстүрді көрсету арқылы өзге ұлттық болмысты танытудағы мүмкіндігіміз зор. Бұл ретте аймақта мемлекет қорғауындағы 78 тарихи ескерткіш пен орын бар. Оның 4-уі ре-

спубликалық, 31-і жергілікті маңызға ие. Осы мұраларды кеңінен насихаттау мақсатында қала және елді мекендердегі 40 шақтысына анықтамалық ақпарат беретін QR код енгізіліпті.

Жалпы тарихи орында-

зактың көлөнері арқылы шетелдіктерге ұлттық мұраны таныту, мәселен, кілем тоқу біздің өмірде дамыған. Он сауағынан өнер тамған шеберлер жетерлік. Олардың жұмыс барысымен тікелей таныстыру үшін арнайы орын ашу да

артық болмайды. Мысалға, Қытайға жібек мата өндіруді көзбен көру үшін баратындар жеткілікті. Соңғы кезде көлөнер бұйымдарына деген жұртшылықтың сұранысы артқан. Кейде өзге елден келетін таным-түсінігі де олардың қызығушылығын оятады. Сонымен бірге ұлттық құндылықтарды, яғни, қар-

ртық болмайды. Мысалға, Қытайға жібек мата өндіруді көзбен көру үшін баратындар жеткілікті. Соңғы кезде көлөнер бұйымдарына деген жұртшылықтың сұранысы артқан. Кейде өзге елден келетін таным-түсінігі де олардың қызығушылығын оятады. Сонымен бірге ұлттық құндылықтарды, яғни, қар-

ртық болмайды. Мысалға, Қытайға жібек мата өндіруді көзбен көру үшін баратындар жеткілікті. Соңғы кезде көлөнер бұйымдарына деген жұртшылықтың сұранысы артқан. Кейде өзге елден келетін таным-түсінігі де олардың қызығушылығын оятады. Сонымен бірге ұлттық құндылықтарды, яғни, қар-

Осы ретте қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бизнес хаб маманы Жандос Оразмаханов «Қорқыттан Қорқытқа» жобасын жүзеге асыруды ұсынып отыр.

– Қазіргі уақытта туризм саласы түрлі бағытта дамып жатыр. Табиғи мүмкіндіктерді ескере отырып қажеттісін алуымыз керек. Мәселен, соңғы кезде экстремальді туризм қарқын алуда. Бұл бағытта әлем елдері суга жүзу, белгілі қашықтықта велосипедпен жүру, жүгіруден марафон ұйымдастырады. Жеміс-жидек арнайы титұл беріледі. Аталған жоба осыны көздейді. Яғни, Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата кесенесінен Қармақшы ауданындағы кешеніне дейін марафондар ұйымдастырылса, сол аралықтағы тарихи-мәдени орындарды таныстыру, суретке түсіру немесе ұлттық бұйымдарды көрсету сияқты шараны қолға алсақ деген ойымыз бар. Әрине, мұның бәрі ақыл түрде болуы керек. Тіпті, тарихи ескерткіштің жанында суретке түсудің де бағасын белгілеу қажет. Сол кезде туризммен бірге кәсіпті де жүргізуге болады. Әрі ұлттық құндылықтар дәріптеледі. Өзірге жобаны жүзеге асырудың механизмі нақтылануда. Егер мұны нақты қолға алып, іске қосамын деген кәсіпкерлер болса, жобаны беруге дайынмын, – дейді ол.

Ішкі, сыртқы туризмді дамыту бағытында осындай ой-пікірлер, ұсыныстар бар. Оларды іске асыру үшін бастаған істі соңына жеткізетін табандылық, туризмді дамытуға тың көзқарас керек.

Айдана СЕЙІЛ.

Әдебиетке романмен келген жазушы

Әбдіжәміл Нұрпейісов 95 жаста



Қыр мен Сыр жақайым-дарының түпкі тегін көзі қарактылар Әлім бабамыздан бастайды. Онысы – рас. Сол Әлімнен Жақайым, одан Бәйдібек, одан Бәйімбет. Бәйдібек бабамыз заманында батыр болған және бір тайпа елді басқарған көрінеді. Қанша дегенмен, аты-атағы мәшһүр кісі ғой. Кіші жүз шектілердің ханы әрі бас сардары болған Әбілқайырмен бірде тіл табысып, бірде тіл табыса алмай қырын қабақ жүреді екен. Зерттеушілер дүниеден оны 1747 жылы өтті деп көрсеткен. Батырды жерлеуге Нұралы хан, Есет батыр, басқа да ірі тұлғалар қатысқан. (Есет батырдың сүйегі Шалқар қаласынан 74 шақырым жерде екен. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында басына жаңадан кесене салып, елге ас беру ғұрпына шақырылғандар қатарында мен де болып қайтқанмын). Астан ауыз тиіп, дұғасына қол жайып, бет сипадық. Алладан иман тіледік. Бейітіне бір уыс топырақ салып тәу еттік.

Ал Бәйімбет бабамыздан біз тараймыз. Ол да батыр болған. Ел билеген.

Бәйімбет Ақтеке, Жәдік, Андағұл, Бадық болып 4 тайпаға бөлінеді. Елдегілер төрт бәйімбеттіз дейтін. Кейде жолдан қосылған Назаршаны қосып бес бәйімбеттіз деп отырады. Андағұлдың бір баласы Боқан бабамыз. Атақ-даңқы елден елге жеткен белгілі қаламгер Әбдіжәміл көкеміздің түп тегі сол Боқан бабамыздан.

Әбденің жетінші ата-сыйы Тойқожа негізіне тартып туған көрінеді. Заманында бар ғұмыры орыс жеріндегі құба қалмақтармен шайқасып өткен. Бір соғыста бір сапына оқ тиіп жараланады. Батыр жаудың мерейі тасып, әруақтанып кетеді деп, бір аяғын қайырып байлатып, жаумен жағаласып кете барған. Содан қан көп кетіп әлсірейді. Бір аяғын тізесінен кесіп тастауға тура келген. Ол заманда жаралы денені жасыздандыратын дәрі жоқ. Салақтан қалған аяғын отқа қақтаған қанжармен кесіп алып, орнына күйдіріп киіз басқан. Батыр оның азабына шыдаған. Аман-есен жазылғанын ел іші

оны Ақсақ бөрі деп атап кеткен көрінеді.

Әбденің алтыншы атасы Қалдан ағамыз нәгі жуас, бірақ өзінің жөн-жосығын ақылына бағындырып отыратын ұстамды кісі болыпты. Ал бесінші атасы Аргынбай сөзге жүйрік, аузы дуалы, өр кеуделі, келімі келген кісі екен.

Оның бейітіне баласы Сламбай керуенге ілесіп Орынбордан әкеліп құлпытас орнатқан. Сол Сламбайдан Нұрпейіс, одан Кәрім, одан Әбдіжәміл келген өмірге. Нұрпейіс дүниеден 1878 жылы өткен. Марқұм ғұмыры таусылғанша Орынборға керуен қатыналып тұрған.

Нұрпейіс қатарынан екі сайлауда болыс болса, немересі Әбдіжәміл көкеміз де Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 4 жылдан 8 жыл депутаты болып сайланды. Сол атасы мешіт салдырып имам ұстаған. Жарықтық, өмірден небәрі 53 жасында көшкен көрінеді. Ал Әбдіжәмілдің әкесі Кәрім көкеміз Совет заманында ауылдық советті басқарған. Екінші жер-жанандық соғысқа қатысқан. 1944 жылы 21-сәуірде Тернополь түбегінің батыс жағындағы Почекинск деген селода үстіне снаряд түсіп, 41 жасында қайтыс болған. Анасы соғыс қарсаңында 1938 жылы Әбденің 14 жасында өткен дүниеден. Өзі қара шаңырақта әкесімен қалып, екінші шешесінің қамқорлығында болады. Аудан басшылығы әкесін бір ауылдық советтен тағы бір ауылға ауыстыра беругіне байланысты әрқласты әрауылда көшіп жүріп оқыған; мысалы 4-классты Кокаралда, онжылдықты Шалқар қаласында бітірген.

Бүкіл дүниені қан қасқатқан 1941-1945 жылғы соғысқа ауылдық совет Нұрпейіс әулетінен сабауды 6 азаматты аттандырады. Артынан 1942 жылы Шалқар қаласында онжылдықты бітіруіне әскери комиссариат Әбденің өзін де жорыққа аттандырып жібереді. Майданда дәм бұйырып авиация полкінде қос қанатты әскери самолеттің ұшықышы болады. Аспанға көтеріліп жаумен жағаласқанда жүрегі көтеріліп, басы айналып, көп қиындық көреді. Сойтіп жүріп «Қызыл



Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Соғыс советтердің жеңісімен аяқталды. Әбдені елге 1947 жылы лейтенант шенімен 23 жасында қайтарған. Елге келгенде көргені – қанырап қалған қара шаңырақ. Бауырларының бәрі жат жерде қалған. Аман-есен оралған өзінің сопа басына ғана. Бірге туған екі інісі, үш немере інісі және әкесі – 6 азамат енді жоқ. Бұл – жалғыз. Әкемен «қара қағаз» алғанда көңілің босағанмен көзіңмен жас шықты ма, шықпады ма, білмеймін. Шешем мен жалғыз қарындасымың жерге қарап қалған жүдеу түрлерін көргенде, көз жасыма не бола алмадым... – деп еске алған қасіретті жылдардың қиынатын еске түсіріп.

Аралдан 340 шақырым жердегі Беларанға келгенде көргені

жұрт аш, жалаңаш, үйіліп, дүмеліп отыр. Тіршілігі теңіздің тек балығына қарап қалған. Барын сыпырып майданға алған. Екінші бірі титықтап өрең жүр. Өйткені Арал ауданы өңірінде егін егілмейді. Шөл қаптаған бегеу жерде тұшы судың көзі жоқ. Содан да егіні жоқ ел келмей болатын.

Әбден майданда қолы қалт еткенде қойын дәптеріне «Курляндия» романының алғашқы үшқасын түртіп жүреді. Елге аман-есен келгені киіз төсекке етпетінен жатып алып сол қолжазбасын жан-жақты оқыған. Оны олар әрі қалған жұдеу түрлерін көргенде, көз жасыма не бола алмадым... – деп еске алған қасіретті жылдардың қиынатын еске түсіріп.

Аралдан 340 шақырым жердегі Беларанға келгенде көргені

оқып шыққаннан кейін: «Менің жиырма жыл күткен адамым қазақ әдебиетіне енді келді» деп ағынан жарылады. Ол кезде С.Мұқановтың белелі қандай?! Қолжазбаны 1948 жылдың күзіне қарай басыпа тапсырды. Бірақ жас талапкердің алғашқы туындысының жолы өте ауыр болды. Роман жарық көргенше оған үш қаламгер Ғалым Ахмедов, Ғали Орманов, соңында Ғабдол Сланов редактор болады.

Ақырында сондай сыннан өткен роман «Курляндия» 1956 жылы Жамбыл атындағы республикалық сыйлыққа ие болып, автор әуелі 30 мың сом, кейін 158 мың сом, барлығы 188 мың сом қаламақы алады. Мұндай ақшаны өңі тұрғай түсінде көрмеген Әбден ақшаның әуелі 13 мыңына өзі киініп алады, 12 мыңын өзіне қалдырады. Қалғанын туысқан үш отбасына қылдай қылып бөліп береді. Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы роман авторын СССР Жазушылар одағының мүшелігіне ұсынады.

Әдебиетке соқталы романмен келген Әбден бүкіл Одаққа танылып, қабырғалы қаламгерлер қатарына қосылып, оған кейін ҚазҰУ-дің филология факультетіне қабылданып, бірінші курсты бітіруіне Мәскеудегі М.Горький атындағы Дүниежүзілік Әдебиет институтына ауысады.

Әбден Алатаудай асқарға шығарғаны бұл күнде еліміз қаламгерлерінің бәрі біледі. Мына шектілер елімізде ақын Жұбан Молдағалиев пен жазушы Әбдіжәміл ағаларымыз көп-көп қаламдстарын киіп-жарып КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Тек екеуі ғана! Осы сыйлыққа ұсынылған Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Ахтанов, Ә.Әлімжанов, Г.Есенберлиннің шығармалары мемлекеттік комитеттің сараптамасынан кері қайтарылды. (Бұл шоғырдың ішінде Лияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы Лениндік сыйлыққа ұсынылған болатын. Мәскеуден

өтпей жарты жолда қалғанын Д.А.Қонаевтың қолдауымен республикамыздың мемлекеттік сыйлығына ілікті).

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары жазушының қазақ әдебиеті тарихында жұлдызды жылдары болып қалды. Орыс тілінде сөйлеген «Қан мен тер» мыңдаған тиражбен шығатын «Новый мир», «Дружба народов», «Роман газета» басылымдарында жарияланды. Совет Одағына біріккен республикалар да жабыла тәржімалауға кірісіп кетті. «Қан мен тердің» бірінші кітабы «Ымырт» Еуропада бірінші болып Францияның «Галлимар» баспасынан Нобель сыйлығының лауреаты Луи Арагонның алғы сөзімен жарық көрді. Трилогия одан әрі Еуропа елдерін аралап кетті. Қазіргі таңда жазушының «Қан мен тер» трилогиясы мен «Сонғы парыз» дилогиясы Америка құрлығының халқы да ана тілінде оқиды.

Жазушының әдебиетке деген ұқыптылығы мен адалдығына қайран қаламын. Жазылып біткен, жарыққа жарияланып кеткен кітаптарына қайырылып соғып, жөндеген үстіне жөндей түсуден жалыққан емес. Жұдырда, осы мақалаға отырар алдында «Қан мен тердің» 2015 жылы жарық көрген соңғы басылымын тағы бір оқып көріп едім. Тағы да танқалдырды. Токсанға қараған жасында жеңіл-желпі әңгіме емес, хикая емес, сомдалған күрделі шығарманы бұрынғы желісің сактай отырып, басынан аяғына дейін қайта жазыпты. Иә, өзіне өзі қатал қаламгер туындыларын осылай өмір бойы жөндеумен келеді. Ерінбейді де жалықпайды. Алты роман жазған ғой. Оны үш-төрт реттен жөндеді. Қайта бастырды. Сонда 18 роман жазған болады ғой. Ал өзіне салсаң «очеркке бүйрегім бұрып тұрады» дейді. Бүйрегім романға бұрып тұрады демеуі. Менің патша көңіліме Алла оны бұл дүниеге тек роман жазу үшін жібергендей.

Бұл ыңғайда мен артық айттып отырғаным жоқ. Қазақ біткен Әбдіжәміл Нұрпейісовті көзі қаракты қаламдстары бүкіләлемдік классиктер қата-

рында таниды. Расында, жазушының «Қан мен тер» трилогиясы мен «Сонғы парыз» дилогиясы әлемдік классикалық туындылармен ынықтас тұрған шығармалар. Біздің Әбден кейіпкерлерді даралаудың ірі шебері. Төкті талант. Дара суреткер. Жазушының жан жүрегін жарып шыққан көркем туындылары мен көсем сөздерін оқығанда шалқар теңіздей толқын-толқын ойларына қыбың қанып отырады. Оның шығармаларында артық сөз немесе кем сөз «емге» жоқ. Іздесеніз де таппайсыз. Әрбір сөзі – өз орнында. Трилогиясы да, дилогиясы да әдебиетіміздің саф алтынындай болып жаратылған. Әдебиетімізге осылай мінсіз кесек туындылар берген қаламгердің атасына рахмет!

Реті келгенде айтып қалайық. Дүниежүзілік әдебиет орбитасында небәрі екі-ақ жазушының роман кейіпкерлеріне композициялы ескерткіш орнатылған. Біріншісі Испания астанасы – Мадрид қаласында Сервантестің «Дон Кихот» романының кейіпкерлері мүсінделіпті. Екіншісіде, біздің заманымыздың заңғар жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің кейіпкерлері кескінделген. Ақтөбе және Арал қаласында. Ақтөбе қаласына арнайы барып көрдім. Тамаша! Композицияда балықшылар ауының торына, Тәңірбергеннің аңға алып шығатын итіне дейін қамтылған. Осы тегін бе? Әрине, тегін емес. Бұл дегеніңіз «Қан мен тер» және «Сонғы парыз» халықтық шығармаға айналғанын айтақтайды. Енді бұл ескерткіштер мәңгілік. Халықпен бірге бола берді.

Осы күндері жұрт Арал десе Әбдіжәміл Нұрпейісов, осы жазушы десе, оғаймызға Арал теңізі оралатын болды. Біз бұған қуанамыз да мақтанамыз. Абыздың жасын жасаған ағамызға зор денсаулық тілеймін және туған күнімен жан жүрегімізмен құттықтаймын!

Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Әдеби кеш

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 95 жасқа толу мерейтойына арналған әдеби кеш өтті. Оқырманға қаламгердің өмірі мен шығармашылығын таныстыруды мақсат еткен шара «Әдебиет әлемінің абызы» деп аталды.

Оны әдеби-мәдени, тарихи-танымдық «Әлімсақ» журналының бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Нұрлан Нұрмаханов жүргізіп, көркем әдебиеттің көрнекті өкілімен кездесу сәтінен естеліктер айтты. Одан бөлек әдеби кеште Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері Сайлаубай Жұбатыров, филология ғылымдарының докторы Бағдат Кәрібозұлы, филология ғылымдарының кандидаттары Айман Айтбаева және Ұлжан Жанбершова қаламгердің әлемдік ақыл-ойдың дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

– Әбдіжәміл Нұрпейісовтің есімімен бірге Арал апаты еске түседі. Ол шығармашылық ғұмырының тең жартысын туған жері – Аралға арнады. Қаламын найзадай білеп, Аралға араша түсу – жазушы ғұмырының «Сонғы парызына» айналды. Оның шығармалары әлем оқырмандары алдында қазақ әдебиетінің айыбын асқартатып, бөбелін көтерді, – деді Б.Кәрібозов. Кеш барысында оқырман қауым оқыған еңбектері туралы ой-пікір білдірді. «Қазақтың дара қаламгері» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Қазақ – жылқы десе, ішкен асын жерге қоятын халық. Жылқының дүбірі естілсе болды, бірден елге ете қалады содан. «Жақсы аттың артынан құнан ереді, Жақсы жігіттің артынан ұлан ереді», «Жақсы айғыр үйірін бөріге алдырма, Батыр жігіт ауызын ұрыға алдырма» деген нақыл осыған дәлел. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден-бір нышаны болып саналады.

Атбегі

Қазақтың рухы ат үстінде. «Жылқы мінезді халықпыз» дейтіні де содан. Осы себепті де қазақтың атқа деген құрметі ерекше.

Қазақта атбегілік өнер бар. Яки жылқының бабын жасап, оны жүйріктер қатарына қосуға халқымыз әуелден машықтанған. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды» жазбай танып, оны жаратып, аламан бөйгеге қосу – бізде ықпалы заманнан келе жатқан өнер. Бұл тұста тұлпарды таңдап, сәйгүлікті сайлайтын атбегілердің еңбегі ұшан-теңіз.

Расында, шашасына шаң жұқтырмайтын жүйріктерді кәнігі атбегілер жаратады. Тәжірибелі жаттықтырушылар қамшы салдырмас тұлпарды үйір ішінен жазбай танып, оның бабын жасайды. Міне, сондай атбегілердің бірі – Тұрар Оржанов. Ол Сырдария ауданы Жетікөл ауылының тумасы. Ауылға жол түскенде ат баптаушымен жолығып қалдық. Сол арада атбегілік өнердің қыр-сырын білмеке кейіпкерімізді сөзге тарттық.

Қай жерде аламан болса, сол жерден табылатын Т.Оржанов 7 жасынан атқа шапқан. Аманкелді ауылында Көктің көлі деген жерде бөйгеге көп қатысыпты. Сондай-ақ Жетікөл, Айдарлы және басқа да елді мекендердегі ат жарыста торы атымен үнемі жүзделер қатарынан көрінген. Айдарлыда Мұзапартуар деген кісінің баласы екеуі бірінші, екінші орынды кезекпен алып отырған кез де болған.

– 7 жасымнан 13 жасқа дейін атқа шаптым. Әкем дүниеден өткенде ас берілді. Соңғы рет сол аста бөйгеге қатысқаным бар. Содан кейін ат


жаратуға машықтандым. Төлеу деген үлкен ағам ат жарататын. Бала кезімізде таңертең жылқыға құман ұстап, тазарып бармасақ ағам қамшымен тартып жіберетін. Сол кезден бастап жылқы баптауды үйрендік, – дейді атбегі.

«Бабы келмеген жүйріктің бағы байланады» дегенді айтқан Тұрар аға тұлпарды таңдап, оның бабын жасаудың қыр-сырын айтып берді.

– Өр атбегінің ат баптауы әртүрлі. Бірақ жылқының бабын келтірсен, долада топ жарып шығады. Ол үшін сәйгүліктің бап-күмігі бөлек болуы тиіс. Мәселен, кешегі қырық күн шілдеде құнарлы азық беру керек. Бидай, жоңышқаны беріп, баққан жөн. Қырық күн шілде біткен соң оны бөйгеге дайындау қажет, – деді ендігі сөзінде ат баптаушы.

Шілдеде бойына күш жинаған тұлпармен бірден шабуға болмайды. Алдымен 2-3 күн кездіріп, жеген тамағын бойына таратады. Осы уақытта күніне 2-3 рет денесін жуу қажет. Содан кейін барып әуелі 1-2 шақырымға шоқтығып, желдіріп, күн өткен сайын шабысты үлесте береді. Бұл аралықта да аттың денесін жуып тұру қажет. 30-40 күн жаратып, бөйгеге қосуға болады.

– Бір ай бойы шауып жүйріктің терін алады. Ол үшін бір бөлмені дайындап, оның ішіне от жағады. Пештің үстіне екі шелек су қойып, оны қайнатасын. Оның буы бөлменің ішін қыздырады. Сол кезде атқа қалың жабуы жауып, балаға шаптырасын. Алысқа шапқан ат әбден терлейді. Осы мезетте жылқыны бөлмеге кіргізіп, дорбаға сұлы салып, басы-



на кигізесің. Сол кезде күші бар ат сұлыны гүтірлетіп жей бастайды. Шама-малы тұрғанда аттың бақайларынан тер ағады. Үстінен жабуды сыпырып алып, жоңылған ағашпен денесіндегі терді қырып шығасын. Мұнан соң шелектегі суды қажылым етіп томыртқалап, атты жуасын. Жұқалап жабу жауып, сыртқа шығарып, кездіресің. Оны түнімен кездіру керек. Мұны аттың ұйқысын алуды дейді. Жоңышқаны қолтыққа қысатындай баулап, түнімен атқа жегізген жөн.

Сонда барып бабына келеді, – дейді атбегі.

Кезінде жылқы баптағанда атсейістер кемік те беріпті. Бұл тұлпар сүйегінің мықты болуына септігін тигізеді екен.

Атбегі кезіндегі қазақы аттар ұзақ шақырымға шабатынын айтады. Ал қазір көпшілік шетелден тұлпарлар әкеліп, бөйгеге қосуда. Оларды баптау оңай емес.

Дана халқымыздың «Жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек...»

дегені бекер емес. Өйткені жылқының қазанаты бір күн шапқаны таң асырғанмен, екі күн шапқаны бусандығанмен тең болса, үшінші күні жүйрік жүйтікіп, көследі екен. Мұндай тұлпар таңертеңнен күн ұясына қонғанша жүруге шыдас береді. Бірақ көпшілік қазір мұндай арғымақтардан гөрі шетелдің сәйгүліктеріне қызығады.

Ат жаратуды айтқан кейіпкеріміз бізді үйіне ертіп барып, баптаулы жылқысын көрсетті. Жабуын жауып, осы күзгі бәйгелерге дайындық үстінде екен. Ат баптаушы бұл тұлпарды көп жылқының ішінен таңдап алғандағы қызығымен де бөлісті.

– Бір күні Тараз жақтың жігіттері қалаға келіп жылқы сатып жүр екен. Жабағы, тай, құнандар бар. Қаулап тұрған жігіттердің ортасына кіріп барып, осы жабағын таңдап алдым. Әлі жабағы жүні түспеген екен. Сол арада «біз де алғалы тұрмыз» деп жігіттер шуласты. Мен «осыны таңдадым» деп бөлек шығарып алдым. Жабағының иесіне тасырып, «ауылға әкеліп бер» дедім. Содан әлгі жігіттер кешкілік ауылға келді. Таңдаған атты қораға түсірдім де, орнына дөнен жылқыны ұстатып «Осыны атып, ақшасын аласың» дедім. «Ой, аға, олай келіспей едік қой» дей бергенде, «Жігіттер, мына жылқыны сатып, осы жабағының ақшасын аласың, артығы болса өзіме әкеліп берерсің, болмаса өзін жаратарсың» деп келтірдім. Дөненге айырбастаған жабағының қазір бабы келісіп тұр, – дейді жетікөлдік атбегі.

«Тайында – қақта, құнанында – сақта, дөненінде – бапта, бестіңінде – бәйгеге қосып, бағын сына» дейді атсейістер. Сол айтқандай, жылқы ішінде жүйрігін алыстан танып, оның бабын келтірген Тұрар Оржановтай атбегілер елде көп болса, бұл өнер асқайтай береді. Олардың қатары көбейген сайын жылқы мінезді халықтың ешкіме есе жібермесі де белгілі. Тек аламан доладағы бақталастық дұшпандыққа жеткізбесе болғаны. Оның жайы белгілі ғой...

Ердос СӨРСЕНБЕКҰЛЫ,
Сырдария ауданы.

